

ҚАРЖЫНЫ НЕГЕ ИГЕРМЕДІ?

4-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



ӘУЕ ҚАҚПАСЫНЫҢ ӘЛЕУЕТІ

5-БЕТ | ТӘУЕЛСІЗДІК



ӘСПЕТОВА ӘЛЕМІ

12-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

ЕҢ АЛДЫМЕН, ЕЛБАСЫНЫҢ АСТАНАНЫ ЕЛІМІЗДІҢ ОРТАЛЫҒЫ – АРҚА ТӨСІНЕ КӨШІРУ ШЕШІМІНІҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МӘНІ БАР. БҰЛ, БІРІНШІДЕН, БОДАНДЫҚ ШЕҢГЕЛІНЕН ШЫҚҚАН ЕЛІМІЗДІҢ ГЕОСАЯСИ ҰСТАНЫМЫН АЙТАРЛЫҚТАЙ ЖАҚСАРТЫП, ОНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН НЫҒАЙТТЫ. НҰРСҰЛТАН ӘБІШҰЛЫ ӨЗІНІҢ «ТӘУЕЛСІЗДІК ДӘУІРІ» КІТАБЫНДА ЕЛОРДАНЫ АУЫСТЫРУДЫҢ ТЕРЕҢ МАҒЫНАСЫН БЫЛАЙША БЕЙНЕЛЕДІ: «ТӘУЕЛСІЗДІК АЛҒАН КҮННЕН БАСТАП ЖАҢА ЖАҒДАЙ, СОЛ ЖАҒДАЙ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН КӨЛДЕНЕҢ ТАРТҚАН МҮЛДЕМ БАСҚА МЕМЛЕКЕТТІК АХУАЛ ҚАЛЫПТАСТЫ. УАҚЫТТЫҢ ШЫНДЫҒЫ МЕН БІРҚАТАР ГЕОСТРАТЕГИЯЛЫҚ ФАКТОРЛАР БІЗДІ ӨЗ ГЕОСАЯСИ КЕҢІСТІГІМІЗДІ ҚАЙТА ҚАЛЫПТАСТЫРУ ПРОЦЕСІНЕ ЖАҢА КӨЗҚАРАСПЕН ҚАРАУҒА МӘЖБҮРЛЕДІ.

№62 (4186)
Сенбі
29 мамыр
2021 жыл

NurSultan

# ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ELORDA AQPARAT



31 МАМЫР саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні

## ЗҰЛМАТ ЖЫЛДАР ЗОБАЛАҢЫ

**31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні.**

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін 1993 жылы 14 сәуірде жаппай қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы ҚР заңы қабылданды. Түңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 1997 жылды Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы, ал 31 мамырды Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні деп жариялады.

Бұл шаралар сол бір зұлмат жылдарда жазықсыз жапа шеккен, еркіндікке ұмтылған ерлердің алдындағы борышты өтеуге, парызды ақтауға арналған ізгіліктің бастауы болды.

6-7-БЕТТЕР



«ASTANA AQSHAMY»
ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖАЛҒАСЫП ЖАТЫР



# ЖЕТКІНШЕКТЕРГЕ – ТЕГІН ЖАТТЫҒУЛАР

Елордада балалар мен жасөспірімдердің жаз мезгілінде демалысын пайдалы өткізуі үшін арнайы «қолжетімді спорт» бағдарламасы әзірленді. Бағдарлама бойынша қала саябақтарында ашық ауада тегін жаттығулар ұйымдастырылады. Сондай-ақ оқушылар футбол және стритбол турнирлеріне қатыса алады.

2

## ҚАЗАҚША АЙТСАҢ, ҚАҒАЗҒА ТҮСІРЕДІ

**Қазақ тіліндегі аудионы бірден мәтінге айналдыратын қосымша шықты. Қосымша TezText деп аталады, оны Galamat tech компаниясы жасаған, АҚШ-тың Қазақстандағы елшілігі қолдау көрсеткен. Мобильді қосымша тегін, оны AppStore мен PlayМаркет арқылы жүктеп алуға болады.**

Қосымшаны құрастырушы компанияның мәліметінше, TezText журналистер жұмысын айтарлықтай жеңілдетеді, яғни қосымшадағы тілдік модель журналистерге бейімделген әрі кәсіби терминдерді жақсы таниды. Қосымшаны жасау үшін 10 мыңнан аса материал немесе 40 миллион сөйлем қолданылған. Жоба қазақстандық бірқатар органдарға ұсынылған, ал АҚШ елшілігі бірінші болып қолдау көрсеткен.

TezText қосымшасының шығуына қолдау көрсеткен АҚШ елшілігі өкілдерінің айтуынша, бұл жоба да қазақ тілі мен оның дамуы үшін аса маңызды болмақ. «Цифрланған тіл – мәңгілік тіл» дейді елшіліктің өкілі Қарлығаш Жаманқұлова.

Биыл ақпанда Google Translate сервисінің қазақ тіліндегі дыбыстауды аудара алатыны хабарланды. 2014 жылы желтоқсанда Google Translate жүйесіне қазақ тіліне мәтіндік аударма жасау қосылған.

**Жәнел ҚҰТТЫБАЙ,
Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті**

## БАҚЫТТЫ ОТБАСЫЛАР БАЙҚАУЫ

**Елордада Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай ұйымдастырылған «Біз бақытты отбасымыз» байқауының жеңімпаздары марапатталды.**

Отбасылық құндылықтар мен дәстүрлерді айшықтаған байқауға мектепке дейінгі мекемелерден – 16, мектептерден – 71, колледждерден – 13, барлығы 90 отбасы қатысты. Байқау жеңімпаздары мен жүлдегерлері «Астана дарыны» дарындылықты дамыту және психологиялық сүйемелдеу орталығының бас жүлдесімен, I, II, III орын дипломдарымен марапатталды және «Go-Make» ҚҚ-ның қолдауымен ақшалай сыйақы алды.

8-БЕТ

## ҰЖЫМДЫҚ ИММУНИТЕТ КҮЗДЕ ҚАЛЫПТАСА МА?




8-БЕТ | ӘЛЕУМЕТ

## ЕЛБАСЫ

Елбасы Америка Құрама Штаттарының бұрынғы вице-президенті Альберт Гормен телефон арқылы сөйлесті. Тараптар 1994-1999 жылдардағы Қазақстан-Америка саяси және экономикалық салалардағы екіжақты қатынасын тереңдету жөніндегі Н.Назарбаев-А.Гор бірлескен комиссиясының жемісті қызметін жоғары бағалады. Нұрсұлтан Назарбаев пен Альберт Гор Қазақстан мен АҚШ-тың қоршаған ортаны қорғау саласындағы өзара іс-қимылды кеңейту және жаһандық климаттың өзгеруіне қарсы күрес салаларында күш-жігер біріктіру мүмкіндіктерін талқылады. Елбасы мен АҚШ-тың бұрынғы вице-президенті халықаралық күн тәртібіндегі өзекті тақырыптар төңірегінде, соның ішінде COVID-19 пандемиясын еңсеру, дүние жүзінде және Орталық Азияда тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайту мәселелері бойынша пікір алысты. Тараптар сенім дағдарысына, санкциялық текетірестерге және әлемдік державалар арасындағы бәсекелестіктің жаңа деңгейіне байланысты алаңдаушылық білдірді.

## ПРЕЗИДЕНТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаевты қабылдады. Кездесуде ел Президентінің тапсырмаларын заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету мәселелері қарастырылды. Сенат спикері Президентке қабылданған бірқатар заңдар жөнінде, соның ішінде, республикалық бюджет туралы заңға енгізілген өзгертулер мен толықтырулар, Сайлау туралы заңға енгізілген түзетулер туралы айтты. Мемлекет басшысы аталған заңдарға қол қойды. Жоғарғы палата квазимемлекеттік сектордағы сатып алуларды реттейтін заң қабылдады. Қазіргі уақытта әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту, Салық кодексіне өзгертулер мен толықтырулар енгізу және басқа да заң жобалары депутаттардың қарауында жатыр. Мәулен Әшімбаев осы сессия басталғалы бері сенаторлар 12 заң жобасына бастамашы болғанын айтты. Оның 3-еуін Парламент қабылдаса, 4-еуі Сенат пен Мәжілістің қарауында. Тағы 5 заң жобасы депутаттардың бастамасымен әзірленіп жатыр.

## ПАРЛАМЕНТ

Сенаторлар палата отырысында «Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы» заңды қабылдады. Бұл құжат «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-тың және басқа да ұлттық холдингтер мен компаниялардың сатып алуларын реттейді. Занда сатып алуды жүзеге асырудың қағидаттары, тәсілдері, сондай-ақ квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуға қатысуына байланысты шектеулер және әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптары белгіленген. Одан бөлек, құжатта сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі енгізіледі, сонымен бірге оны қалыптастыру, жүргізу тәртібі және оған енгізу және одан шығару үшін негіздер айқындалған. Сонымен қатар тапсырыс берушінің және сатып алуды ұйымдастырушының әрекеттері мен шешімдеріне шағым жасау жөніндегі нормалар енгізілді.

# ҚАЗАҚСТАННЫҢ ІНДЕТПЕН КҮРЕСІНЕ ЖОҒАРЫ БАҒА БЕРДІ

**Мемлекет басшысы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының бас директоры Тедрос Адханом Гебрейесуспен бейнеконференция режимінде кездесу өткізді. Кездесу барысында Қазақстан мен Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы арасындағы, атап айтқанда, коронавирус пандемиясына қарсы іс-қимыл бойынша ынтымақтастықты нығайтудың келешегі қарастырылды.**





Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымымен арадағы ықпалдастықтың деңгейін жоғары бағалады. Сондай-ақ Тедрос Адханом Гебрейесустің Дүниежүзілік денсаулық сақтау ассамблеясының ашылуында COVID-19 індетіне қарсы вакциналау жөніндегі жаһандық күш-жігерді күшейтуге шақырған сөзін қолдады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы бас директорының айтуынша, қыркүйек айына қарай жер шарындағы халықтың 10 пайызына екпе егіліп, жыл соңына дейін бұл көрсеткіш 30 пайызға жетуі керек.

Президент елімізге нақты көрсеткен қолдауы, яғни пандемияның алғашқы айларында қорғаныш құралдары мен медициналық жабдықтарды жеткізіп бергені үшін Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымына ризашылық білдірді. Қасым-Жомарт Тоқаев Тедрос Адханом Гебрейесуске Қазақстанда коронавируспен күресу үшін қабылданып жатқан шаралар жөнінде мәлімет берді.

Әңгімелесу барысында COVID-19 індетіне қарсы екпе егу үдерісіне баса мән берілді. Президент Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының басшысына қазақстандық QazVac вакцинасының клиникалық сынамаларының алдын ала нәтижелері туралы айтты. Отандық вакцинаның тиімділік деңгейі – 96 пайыз. Қазіргі уақытта салалық органдар отандық вакцинаға келісім алу үшін Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымымен жұмыс жүргізіп жатыр. Тедрос Адханом Гебрейесус Қасым-Жомарт Тоқаевтың пандемияға қарсы күрестегі еңбегіне жоғары баға берді. «Бүгінге дейін 2 миллион адамға вакцина салынған екен. Бұл – өте жақсы көрсеткіш. Көптеген ел мұндай деңгейге жеткен жоқ. Халықтың 55 пайызына екпе саламыз деген мақсаттарыңыз қолдауға тұрарлық» деді Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының басшысы.

Сонымен қатар ол QazVac екпесінің әзірлемесін қолдайтынын және Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы төтенше жағдай кезінде пайдалануға болатын дәрі-дәрмектердің тізіміне қосу мүмкіндігін қарастыруға дайын екенін айтты.

Тараптар алғашқы медициналық-санитарлық көмек қызметінің даму перспективаларын, атап айтқанда, 2018 жылы қабылданған Астана декларациясын ілгерілету мәселесін қозғады. Осы орайда Мемлекет басшысы Қазақстанның бастамасы бойынша әзірленетін Алғашқы медициналық-санитарлық көмек туралы саяси резолюцияны қолдауға шақырды. Аталған құжат 2022 жылы өтетін БҰҰ Бас ассамблеясының кезекті сессиясында қабылдануы мүмкін. Резолюция жобасында Астана декларациясының міндеттері мен Алғашқы медициналық-санитарлық көмек механизмдері қамтылған.

Қасым-Жомарт Тоқаев Тедрос Адханом Гебрейесусқа «One Health» бағдарламасы аясында дайындалған Орталық Азияның әлеуетін арттыру жөніндегі Қазақстанның қанатқақты жобасын ұсынды. Бұл жоба ауру мен биоқауіпсіздікті бақылаудың өңірлік орталығын құруды мақсат етеді. Тараптар пандемияның сын-қатерлерін еңсеру мақсатында тығыз ынтымақтаса жұмыс істеуді жалғастыруға уағдаласты. Мемлекет басшысы Қазақстанның Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының құндылықтары мен мақсаттарын одан әрі ілгерілетуге әзір екенін нақтылады.

# ҚОҚЫС ӨҢДЕУ ЗАУЫТЫ ЖАҢҒЫРТЫЛАДЫ

**Бас қалада қоқыс өңдейтін зауыттың жұмысы жаңғыртылуда. Жобаны іске асыру кәсіпорынның қуатын екі есе – жылына 250 мың тоннадан 450 мың тоннаға дейін арттыруға мүмкіндік береді, ал қалдықтарды сұрыптау түрі жартылай автоматқа ауыстырылады. Бұл процестің өзін жеделдетіп, одан да көп қоқысты қамтуға мүмкіндік береді. Бұл туралы елорда әкімі Алтай Көлгінов тұрғындарды хабардар етті.**

«Жыл сайын халық санының қарқынды өсуіне байланысты қалада тұрмыстық қатты қалдықтардың көлемі 10-15 пайызға артып келеді. Бұл өз кезегінде экология мен тұрғындарға тікелей әсер етеді. Бүгін осы бағытқа қатысты мәселелер бойынша қоқыс шығарумен айналысатын кәсіпорындармен кездесу өтті. Қала бойынша контейнерлер санын көбейтуді, рұқсат етілмеген қоқыс тастайтын жерлерді жою жұмыстарын күшейтуді тапсырдым» деп жазды қала әкімі Instagram парақшасында.

Қала басшысы қатты тұрмыстық қалдықтарды сұрыптап жинау жалғасатынын жеткізді. Ол үшін қала бойынша контейнерлер орнатылған. «Тұрмыстық қатты қалдықтарды өңдеу деңгейі 75 пайызға, қайталама шикізатты алу көрсеткіші 17 пайызға жетті. Бұл көрсеткіштерді жоспарлы түрде арттыру қажет» деп түсіндірді А.Көлгінов.



«Бұдан басқа, «Солтүстік тізбегі» карьерін қалпына келтіре отырып, құрылыс қалдықтарын бір жерге жинақтау және қайта өңдеу үшін алаң салуға кірістік. Бұл экология мен санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды айтарлықтай жақсартады. Полигон екі ұяшықтан тұрады, біріншісі толып қалған. Құзырлы органдармен бірлесіп, полигонның ұяшығын қалпына келтіру жұмыстарын жүргіземіз. Пандемия басталғаннан бері адамдар көп жиналатын жерлерде медициналық заттарды, маскаларды, қолғаптарды және т. б. тастауға арналған арнайы контейнерлер орнатылды» деді әкім.

Сондай-ақ елорда әкімі қоқыс тастауға рұқсат етілмеген жерлерді жою жұмыстары жалғасатынын мәлім етті. Оның айтуынша, құрылыс нысандарына мониторинг және рейдтер жүргізу бойынша жедел топ жұмыс істейді, экополигонға құрылыс қоқыстарын шығару бойынша тексерулер жүргізіледі.

# ЖЕТКІНШЕКТЕРГЕ – ТЕГІН ЖАТТЫҒУЛАР

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

«Жазғы кезеңде балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын пайдалы өткізіп әрі салауатты өмір салтын насихаттау үшін «қолжетімді спорт» бағдарламасы әзірленді. Ал осыған дейін қыс мезгілінде қала тұрғындарына арнап конькимен және шаңғымен сырғанаудан кәсіби жаттықтырушылардың көмегімен тегін жаттығу ұйымдастырдық. Жоба аясында елорданың екі мың тұрғыны конькимен және шаңғымен сырғанауды тегін үйренді» деді онлайн-брифингте Нұр-Сұлтан қаласы Дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысының орынбасары Нариман Еламанов.

«Қолжетімді спорт» жобасы аясында жаттығулар 8 саябақта 2 ай бойы жүргізіледі. Нақтырақ айтқанда, маусым және шілде айларында аптасына 3 рет өткізіледі. Оларға тілек білдірушілердің бәрі тегін қатыса алады.

«Бір сабақ 2 академиялық сағатқа, яғни 90 минутқа созылады. Жаттығулар мына спорт түрлерінен өткізіледі: жүгіру, йога, зумба, воркаут, скандинавиялық жүріс, тыныс алу гимнастикасы, стритбол. «Қолжетімді спорт» мына саябақтар мен гүлзарларда өтеді: Ботаникалық бақ, Астаналық саябақ, «Жерұйық» паркі, «Жетісу» паркі, «Триатлон» паркі, «Көктал» паркі, «Өндіріс» және «Теміржолшылар» тұрғын аудандары» деді спикер.

Сондай-ақ маусым-тамыз айларында елордада футболдан «Aula ligasy» турнирі өтеді. Оған 10-12 жастағы балалар қатыса алады.

Ережеге сәйкес, командалар тұрғын үй кешендерінің балаларынан құралады. Әр командада 10 адам болады. Төрт ауданның әрқайсысында 10 футбол алаңы бар. Бір турнирлік күнде 40 команда қатысады. Турнир барысында 8000 жасөспірімді қатыстыру жоспарланып отыр.

Турнирдің алғашқы кезеңі аула кезеңі болады. Ең жақсы бес команда іріктелгеннен кейін, олар өзара ойнап шығып, үздікті анықтайды.

2-кезең – аудандық. Алтын мен күміс иелері соңғы кезеңге өтеді. Қаланың 8 үздік командасы (әр ауданнан 2-ден) финалға шығу үшін күш сынасады. Матчтар жабық, жасанды алаңда өтеді. Өтетін күні: 1 тамыз.

3-қалалық кезең. Үшінші орын үшін өтетін ойын мен финал «Астана Аренада» өтеді. Өтетін күні: 7 тамыз.

Сонымен қатар жаз айларында елордада стритбол турнирі өтеді. Командалар ең көп дегенде 4 ойыншыдан, кем дегенде 3 ойыншыдан және бір жаттықтырушыдан құралуы керек.

Турнир келесі жүйе бойынша екі кезеңде өтеді:

Бірінші кезең – Нұр-Сұлтан қаласының төрт ауданы бойынша өтетін матчтар. Командалар өз ауданындағы мектебі орналасқан тұста өтетін турнирде өнер көрсетіп, жеңімпаздарды анықтайды. Әр ауданның үздік үш командасы екінші кезеңге өтеді.

Екінші кезең – финал. Қаланың 12 үздік командасы өз санатында 4 топқа бөлінеді және өзара күш сынасып шығады. Осыдан кейін топтардың 2 үздік командасы жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтау үшін олимпиадалық жүйе бойынша ойнайды.

Турнир жеңімпаздары мен жүлдегерлері дипломдармен, медальдармен, кубоктармен, бағалы сыйлықтармен және бірыңғай формамен марапатталады.

## ӘЛЕМ АСТАНАЛАРЫ



### КИЕВ

Украина астанасында алғаш рет сол елдегі қазақ диаспорасының құрылтайы өтті. Жырақта жүрген жүзден астам қандасымыз Киевте бас қосып, отандастарына үндеу жолдады. Мұндағы басты мақсат – Украинадағы қазақтардың басын біріктіріп, алдағы бағыт-бағдарды айқындау. Атамекен – Қазақстанға қандай көмек бере алатындарын ақылдасу. Украинадағы Қазақстан елшілігі ұйымдастырған құрылтайда қазақтың ән-күйлері қалықтап, домбыра, күйіз үй, сырмақ пен торсық секілді ұлттық бұйымдарымыз, әдеби және мәдени кітаптар таныстырылды.



### ДАМАСК

Сирияда Президент сайлауында Башар Асад 95,1 пайыз дауыс жинап, төртінші мерзімге сайланды. Сайлаушылардың қатысу көрсеткіші 78 пайызды құраған. Саяси додада барлығы 3 үміткер бақ сынады. Бірақ өз кандидатурасын 51 адам ұсынған. Соның көпшілігін тіркеуге әртүрлі себептермен рұқсат берілмеді. Жергілікті оппозиция және Европалық Одақ пен АҚШ сайлау заңсыз және әділетсіз өтті деп мәлімдеді.



# ІТ-КЕҢЕСТЕ ЖАҢА ЖОБАЛАР ҚАРАЛДЫ

**Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгіновтің қатысуымен елордада бесінші ІТ-кеңес өтті. Кездесу барысында қаланың 5 негізгі міндеті таныстырылды, деп хабарлайды Нұр-Сұлтан әкімдігінің ресми сайты.**

Кездесуде елорданың цифрландыру басқармасының басшысы Ботагөз Қасабек қалалық ІТ-кеңестің қазіргі қызметі туралы айтып берді.

TargetAI дамыту жөніндегі жетекшісі Д.Панченко қалада бейнеталдау жүйесін қолдану мысалдары туралы баяндама жасады. Ол жұмыстың 5 негізгі бағытын атап өтті: қауіпсіз мектептер – баланың мектепке келуін растау, болмаған жағдайда ата-аналарға хабарлау; өрт немесе басқа да төтенше жағдай кезінде ТЖМ үшін камералардың қолжетімділігі; қаладағы құрылыс/жөндеу алаңдарын бақылау; мердігерлерді және қала аумақтарын жинау сапасын бақылау, бұл қаланы тазалауды оңтайландыруға мүмкіндік береді. Қалалық бейнебақылау камераларының мониторинг жүйесін енгізу камералардың жұмыс уақыты туралы нақты ақпарат алуға мүмкіндік береді.

«STEM Academy» ЖШС жаңа әзірлемелер жөніндегі департамент директоры М.Қыстаубаев кеңес мүшелеріне ROQED SCIENCE қашықтан оқытудың жетілдірілген әдістерін көрсетті.

Сонымен қатар ІТ-кеңесте елорда тұрғынының жобасы таныстырылды, оның идеясы Birge платформасында ұсынылды және қала тұрғындарының онлайн-дауыс беру қорытындысы бойынша бірінші орынға ие болды. «Student Life» идеясының авторы – Д.Нұғыманов. Жобаның мақсаты – студенттердің оқу үлгерімі мен білім сапасын арттыруға қолжетімділігі.

«Астана IT University» ғылым және инновациялар жөніндегі проректоры А.Белощицкий елордада жүзеге асыру үшін университет базасында әзірленіп жатқан жобалар туралы айтып берді. Олардың мақсаты – төтенше жағдай кезінде цифрлық алгоритмдерді іске асыру.

ІТ-қоғамдастықтың кездесуін қорытындылай келе, елорда әкімі Алтай Көлгінов аталған шешімдерінің әрқайсысы бойынша өз ұсыныстарын атап өтті.

Осы мақсаттағы ІТ-кеңестің жұмысы жалғасатын болады, жақын арада қаланың цифрландырушыларымен бірқатар кездесу жоспарланып отыр.

Шара санитарлық нормаларды сақтай отырып өтті.

Естеріңізге сала кетейік, ІТ-кеңес құрылған сәттен бастап 5 кездесу өткізіліп, оның аясында бірқатар инновациялық шешім таныстырылды. Қаралған 11 шешімнің ішінде қаланың алға қойған міндеті бойынша 6 жоба енгізілді.

Елорданың ІТ-кеңесінің негізгі міндеті – ІТ-индустрияға қатысушылардың бірігіп жұмыс істеуі. Мұнда әркімнің цифрландыру саласындағы қаланың бірыңғай экожүйесін іске асыруға қатысты көзқарасын білдіруге, қала тұрғындарына ыңғайлы болуы үшін цифрлық жобаны таныстыруға, сондай-ақ болашақ ІТ-жобаларды іске асыру бойынша ұсыныстарымен бөлісуге мүмкіндігі бар.

## ӘЛЕУМЕТ САУАЛЫ – ӘКІМ ЖАУАБЫ

**? Тұрғындарды қаншалықты жиі қабылдайсыз? Олар қандай мәселелерді көтереді?**

**Алтай КӨЛГІНОВ, Нұр-Сұлтан қаласының әкімі:**

! *– Қала тұрғындарының мәселелерін жүйелі түрде шешу үшін азаматтарды жиі қабылдау маңызды. Тұрғындар проблемаларын айтып қана қоймай, елорданы одан әрі дамытуға қатысты идеялары мен ұсыныстарымен бөліседі. Кеше 15 тұрғынды онлайн қабылдадым. Азаматтар тарапынан 30-дан астам сұрақ болды. Негізгі мәселелер – тұрғын үй бағдарламаларына қатысу, білім алу, медициналық көмек, әлеуметтік көмек алу, жұмысқа орналасуға жәрдемдесу және т. б. төңірегінде. Бұл мәселелер бақылауға алынды. Айдың басынан бері аудан әкімдерімен және орынбасарларыммен бірге 170-ке жуық азамат қабылдадық. Тұрғындар «Жанұя» (Бейбітшілік көшесі, 14), Тұрғын үй саласында қызмет көрсететін бірыңғай орталық (Республика даңғылы, 32), iQala (Қошқарбаев, 29) сияқты әлеуметтік орталықтардан көмек пен кеңес ала алады.*

# ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІН ҚАБЫЛДАДЫ

**Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов мемлекет және қоғам қайраткері Мырзатай Жолдасбековті қабылдады. Бұл туралы қала басшысы Instagram парақшасында жазды.**

«Бүгін еліміздің білім және ғылым, дипломатия, мәдениет салаларының дамуына сүбелі үлес қосқан мемлекет және қоғам қайраткері Мырзатай Жолдасбекұлы Жолдасбековті қабылдадым. Мемлекет басшысының құттықтау хатын табыстап, білім саласының өзекті мәселелерін талқыладық. Ағамыздың өмір жолы жас ұрпаққа үлгі-өнеге, ал ғылым жолында атқарған қажырлы еңбегі алдағы уақытта да талай жанға шырақ болары анық» деп жазды А.Көлгінов.

### НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының жұмыс жоспарына сәйкес, 2021 жылғы маусымның үшінші онкүндігінде:**

«Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2020 жылғы 30 маусымдағы № 509/68-VI «Жергілікті атқарушы органның жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын іске асыру барысы туралы есебі» шешімінің орындалу барысы туралы» тақырыбы бойынша кезекті сессия өткізу жоспарлануда.

Күн тәртібі бойынша ұсыныстар мен мәселелерді қалалық мәслихат аппаратына жолдауларыңызды сұраймыз. Тел.: 55-66-37, эл.пошта: maslihat_org@mail.ru

**Е.КАНАЛИМОВ,**
**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының хатшысы**




# ТӘУЕЛСІЗДІК ТАҒДЫРЫ – ЕЛ ТАҒДЫРЫ

**Кеше ҚР Тұңғыш Президенті музейінде мемлекеттің дамуы мен қалыптасуына елеулі үлес қосқан түрлі буын өкілдерінің кездесуі өтті. Іс-шара Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеу аясында Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің қолдауымен ұйымдастырылды.**

Кездесуге қатысушылар – мәдениет, спорт, ғылым, медицина, бизнес және саясат салаларының көрнекті тұлғалары жиында ел тарихының күрделі кезеңдерін, ұрпақтар сабақтастығын, тәуелсіз халықтың ұлттық санасын қалыптастырудағы іргелі істерді талқылады.

Жиналғандар алдында Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Бақтияр Мәкен сөз сөйледі. Ол көпшілікті азаттығымыздың айтулы күнімен құттықтап, халық тарихын ұрпақ жадында жаңғыртудың маңыздылығын атап өтті. «Тәуелсіздік – қасиетті ұғым. Бостандық еліміздің және азаматтарымыздың дамуы үшін керемет мүмкіндіктер береді. Егемен еліміздің соңғы отыз жылдағы елеулі жетістігі Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың сындарлы саясатымен, сондай-ақ тәуелсіздіктің бастауында тұрған білімді, кәсіби, талантты қазақстандықтардың, яғни отандастарымыздың қажырлы еңбегінің арқасында мүмкін болды» деді Б.Мәкен.

Іс-шара барысында Азат Әбікен продюсерлік жасаған «Отыз. Халық тағдыры – ел тарихы» атты деректі фильмі көрсетілді. Бұл картинада Қазақстанның тәуелсіздік алғаннан бастап қазіргі уақытқа дейінгі күрделі кезеңі жүйелі түрде, кино тілімен көркем баяндалған.

Шараның соңында аға және жас буын өкілдері тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу тарихының жарқын оқиғаларына арналған ҚР Тұңғыш Президенті музейіндегі фотокөрмені тамашалады.

## АЛЛО, «АСТАНА АҚШАМЫ»!

**Батырхан БЕЙСЕНБАЙ, елорда тұрғыны:**

**– Жақында 14 жасқа толдым. Каникул кезінде «Жасыл ел» бағдарламасына қатысып, ата-анама қолғабыс еткім келеді. Осы бағдарламаның шарттары қандай екен?**

***Оқырман сұрағына Нұр-Сұлтан қаласы Білім басқармасы басшысының орынбасары Римма Иманғазинованың жауабын ұсынамыз:***

– «Жасыл ел» әлеуметтік жастар жобасы аясында мектептер мен колледждердің 14 жастан 18 жасқа дейінгі оқушылары осы жылдың 1 маусымы мен 10 тамызы аралығында жазғы кезеңде жұмыспен қамтылады. Негізінен, көпбалалы, әлеуметтік аз қамтылған отбасылардан, есепте тұрған балалар мен жетім балаларға көңіл бөлінеді. Жалпы саны 700-ге жуық баланы қамту жоспарланып отыр. Бағдарлама аясында мектептермен шарттар жасалады, балалар мектеп жанындағы учаскелерде жұмыс істейді, мектеп аумағын көгалдандырумен айналысады. Жоба бойынша айына 60000 теңге көлемінде ақшалай сыйақы қарастырылған.

## АСТАНА АУДАНЫ

**Тұңғыш Президент – Елбасы музейі жанындағы саябақ аймағы жаңа спорт алаңдарымен және демалыс аймақтарымен толықты.**

Балалар ойнайтын жаңа заманауи алаңдар, сахна алаңы, «Workout» алаңы, 3 стритбол алаңы бар. Саябақтың абаттануына Нұрсұлтан Назарбаев қоры мен Есіл ауданының әкімдігі мұрындық болды.

Саябақтың ашылуында шығармашылық топтардың, аниматорлардың қатысуымен би мен ойын-сауық ойындары ұйымдастырылды. Оны салудың бірінші кезеңі аяқталды. Балалар мен ересектердің бос уақытын тиімді өткізуіне барлық жағдай жасалды. Абаттандыру жұмыстары жалғасады. Екінші кезеңде ағаш отырғызу жоспарланған. Арнайы вело және жарыс жолы салынады. Қыс мезгілінде аумақта мұз айдыны мен шаңғы трассасы пайда болады.



# ӘЛЕУМЕТТІК КОРТ АШЫЛАДЫ

**«Дәулет» теннис орталығы базасында еліміздегі алғашқы әлеуметтік корт ашылады. Бұл туралы елорда әкімі Алтай Көлгінов Instagram парақшасында жазды.**

«Дәулет» теннис орталығы базасында еліміздегі алғашқы әлеуметтік корт ашуды жоспарлап отырмыз, онда ерекше қажеттілігі бар балалар мен ХӘОТ санатына жататын балалар теннистен тегін айналысады. «Дәулет» теннис орталығы – #it'sallaboutability (ЮНИСЕФ халықаралық бағдарламасы) шеңберінде инклюзивті топты іске қосқан еліміздегі алғашқы орталық. Бүгінде орталықта теннистен айналысатын балалардың саны 25 пайызға артты.

Бұқаралық спортты дамыту және спортпен одан да көп баланы қамту үшін қала саябақтары мен мектептеріндегі қолданыстағы алаңдарды жаңа теннис корттарына қайта жабдықтауды жоспарлап отырмыз. «Дәулет» теннис орталығы мен Қазақстан теннис федерациясы спорт жабдықтарын ұсынады, сондай-ақ олар мастер-кластар өткізеді. Егер қазір теннистен бір мыңға жуық бала айналысып жатса, бұл жобаны іске асыру нәтижесінде теннистен айналысатын балалар санын 10 мыңға дейін арттыруға мүмкіндік болады» деп жазды А.Көлгінов.

Қала басшысы Президенттің тапсырмасына сәйкес балалар мен ересектерді бұқаралық спортқа тарту үшін жағдай жасау бойынша елордада жұмыс жүргізіліп жатқанын айтты. Сонымен қатар бұл спортшыларымызға да көмектеседі. Жаңа спорт кешендері мен алаңдары әртүрлі спорт түрлерінің дамуын сапалы жаңа деңгейге шығаруға мүмкіндік береді.

«Дәулет» теннис орталығын 2019 жылдың күзінде Қазақстан теннис федерациясы таныстырған болатын. Спорт кешенінде 8 жабық және 5 ашық корт, жаттығу залдары, теориялық сабақтарға арналған әдістемелік залдар, тамақтану аймағы және т. б. бар. 2020 жылдың өзінде 76 гектардан астам жер абаттандырылды, бұл – шамамен 150 аула мен 60 қоғамдық кеңістік (саябақтар, скверлер, бульварлар). Елорда халқының төрттен бір бөлігінде спортпен айналысуға және серуендеуге арналған орындар пайда болды.

Аулалар мен қоғамдық кеңістіктерді қала тұрғындарының ұсыныстарын ескере отырып салып, жөндейміз» деп түйіндеді қала әкімі.

## ПАРИЖ

Парижде жолаушыларға қоғамдық көлікте тегін жүруге мүмкіндік берілмек. Бұл жүйе бірнеше жыл бұрын енгізіліп, мемлекеттің бірқатар қаласында сынақтан сәтті өтті. Қазіргі таңда 30 шаһардың тұрғындары мұны пайдаланып жатыр. Атап айтқанда, елдің солтүстігіндегі Дюнкерк муниципалитетінде 200 мың тұрғын автобустардың 18 бағдары бойынша 2018 жылдан бері тегін қатынайды. Ал Парижде бұл жүйені енгізуді қала мэрінің орынбасары, президенттікке кандидат Одри Пульвар ұсынды. Осы қадам оның сайлауалды бағдарламасында көрсетілген.



## СЕУЛ

Оңтүстіккореялық суретші Ким Чан Юльдің картинасы 1,4 миллиард воннан аса (1,3 миллион АҚШ доллары) бағаға сатылды. Суретшінің «Тамшылар» сериясына деген сұраныс ол қайтыс болғаннан кейін, осы жылдың басында күрт өсті. 1977 жылғы серияның алдындағы рекорды 1 миллион вон болған. Ол Seoul Auction атты ақпан айында өткен аукционда сатылды. Қылқалам шебері су тамшылары бейнеленген картинасын 1972 жылы салды. Бұл картина суретшіні танымал етті.

## ӨҢІР ӨМІРІ

**Ұлытаудағы «Жошы хан» тарихи-мәдени кешенінің құрылысы 90 пайызға орындалды.**

Қазіргі уақытта ішкі әрлеу, ауланы абаттандыру, көгалдандыру және инженерлік сыртқы желілерді қосу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Құрылыс жұмыстары тамызда аяқталмақ.

Кешен Алтын Орда дәуірін зерттеуге арналған ғылыми орталық қана емес, сонымен қатар Ұлытаудың киелі орындарын, этноауыл, Жезқазған қаласының тарихи-археологиялық және тарихи-өндірістік мұражайларын байланыстыратын бірегей туристік маршруттың бір бөлігіне айналады.

# ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК ҚАРАУСЫЗ ҚАЛМАСЫН

**Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласын көгалдандырудың және қаланың жасыл аймағын құрудың 2021-2025 жылдарға арналған жергілікті жоспары әзірленді. Қазіргі таңда елордада 1 млн 200 мыңнан астам, ал «жасыл белдеу» аумағында 13 миллион жасыл желек жайқалып тұр. Өткен жылы қалада 118 мың ағаш отырғызылды. Нұр-Сұлтан қаласы Қоғамдық кеңес отырысында осыны Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасының басшысы Әлия Қожабаева баяндады. Қала әкімінің орынбасары Нұрлан Солтамбеков қатысқан жиында бас қаладағы жасыл желектің жағдайы мен оларды күтіп ұстау жұмыстары талқыланды.**





amangali.kalzhan@mail.ru
Аманғали ҚАЛЖАНОВ

– Жергілікті жоспарға сәйкес аудандардың әкімдіктері бес жыл ішінде 89596 ағаш отырғызуды жоспарлап отыр. Биыл экологиялық айлық аясында ағаш отырғызу ісі белсенді басталды. Жыл аяғына дейін 1 миллионнан астам жасыл желек егу көзделді. Соның ішінде қала аумағында 200 мың ағаш, ал «жасыл белдеуде» 890 мың ағаш отырғызылмақ, – деді Ә.Қожабаева.

Оның айтуынша, бұл жұмысқа аудандардың әкімдіктерімен қатар «Астана орманы» ЖШС, қала тұрғындары, ПИК-тер, қоғамдық бірлестіктер, мемлекеттік органдар, әртүрлі қауымдастықтар, танымал адамдар белсенді қатысып жатыр.

– Қалалық Ішкі саясат басқармасы «Өз ағашыңды отырғыз» атты челленджді бастады. Аталмыш шараны аудандардың әкімдіктері қолдады. Осы уақытқа дейін, көктемгі ағаш егу аясында 473 мыңнан астам ағаш отырғызылды. Бұл – жылдық жоспардың 45 пайызы. Соның ішінде «жасыл белдеуде» 452266 көшет егілді, – деді басқарма басшысы.

Оның сөзінше, биыл геоақпараттық орталық платформасына жасыл желектің электронды базасы енгізілмек. Цифрландыру мен паспорттау жүргізіліп, ағаштардың жерсінуіндегі ауытқушылықтар зерттеледі. Осындай ұсыныс қалалық Қоғамдық кеңестің алдындағы отырыстардың бірінде айтылған еді. Қазір жасыл желекті есепке алумен айналысатын ұйымды таңдау үшін конкурстық жұмыстар жүріп жатыр.

– Бүгіндері қалада 1 ботаника бағы, 12 саябақ, 8 бульвар және 108 сквер бар, – деді Ә.Қожабаева.

Одан кейін қала аудандары әкімдерінің орынбасарлары жасыл желекті отырғызу мен күтіп ұстау бойынша есеп берді. Соның ішінде Сарыарқа ауданы әкімінің орынбасары Руслан Оралов жасыл желекті суару проблемасын атап өтті.

– Аудан аумағындағы жасыл желек, негізінен, арнайы көліктер паркі арқылы суарылады. Бұл бізде ғана емес, жалпы қалада бар проблема деп ойлаймын. Ал бұған арналған су құбырының желісі 33 пайызды ғана құрайды. Яғни жасыл желектің 67 пайызын суаруға көліктерді жіберуге мәжбүрміз. Бірақ оның сапасы мен тиімділігі аз болып тұр. Стационарлы су құбыры топырақты біркелкі ылғалдандырады. Көліктер суарғанда олай болмайды. Оның үстіне «Астана көгалдандыру құрылысы» мекемесінің есептеуінше, көлікпен бір текше метрді суаруға бір маусымда 4686 теңге жұмсалады, ал стационарлы құбыр арқылы осындай көлем бар болғаны 219 теңге тұрады. Бұдан шығатын қорытынды – көлікпен суару 20 есе қымбат. Биыл біз «Астана көгалдандыру құрылысымен» 997 миллион теңгеге келісімшарт жасадық. Соның 250 миллионы жасыл желекті көлікпен суаруға кетеді. Егер стационарлы құбыр салсақ, бюджет қаржысын үнемдер едік, – деді Р.Оралов.

«Астана көгалдандыру құрылысы» ЖШС елордадағы 159 көше, 12 саябақ, 74 сквер, 3 бульвар мен қоғамдық кеңістікке қызмет көрсетеді. Мұны айтқан серіктестік бас директорының бірінші орынбасары Медеу Ражанов бұл жұмыспен 550-ден астам жұмысшы мен 150 арнаулы техника айналысатынын жеткізді.

«Жасыл белдеу» аумағы 14827 гектарды құрайды. Бірінші кезеңде оған 13 млн жасыл желек отырғызылды. Қазір екінші кезең жұмыстары жүргізіліп жатыр. Осыны баяндаған «Астана орманы» ЖШС бас директоры Мәулен Самамбетов 2012-2020 жылдары 3174342 көшет отырғызылғанын, соның 41 пайызы қылқан жапырақты, ал 59 пайызы жапырақты тұқымдар екенін айтты.

– Жаңа Сарыарқа ауданы әкімінің орынбасары жасыл желекті суарудағы проблеманы атап өтті. Қазір Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы қала бойынша суару жүйесінің тұжырымдамасын әзірлеп жатыр. Жыл аяғына дейін бұл құжат дайын болады деп ойлаймын. Қазір бізде саябақтар ғана суарылады. Ал тұжырымдама арқылы көшелердегі жасыл желектерді суаруға Есіл, Ақбұлақ, Сарыбұлақ өзендерінің суларын пайдалануды жоспарлап отырмыз. Әрине, стационарлы су құбырымен суару көлікпен суарғаннан арзан болады. Орталық көшелерге «Астана көгалдандыру құрылысы» сияқты кәсіпорындар жауапты болып қала береді. Ал шағын көшелердегі жасыл желектерді күтіп ұстауға конкурс жарияламақпыз. Жеңген компанияға жанар-жағармайға ғана қаржы бөлеміз. Қалған қаржыны компания өзі табуы тиіс, – деді қала әкімінің орынбасары Нұрлан Солтамбеков.

Қоғамдық кеңес төрағасы Сансызбай Есілов өзендердің суларын жасыл желекті суаруға пайдаланумен келісе отырып, мәселенің өз шешімін ұсынды.

– Стационарлы су құбырын тым болмағанда саябақтар мен скверлерге тарту керек. Суаруға тазарту құрылғыларының нөсер суларын пайдалануға болады. Егер бұл мүмкін болмаса, «Астана су арнасы» кәсіпорны өзенге ағызатын суды пайдаланайық. Панфилов көшесі мен Есіл өзені жағалауының ортасында кезінде саяжайлар сүріліп, тамаша саябақ салынды. Онда стационарлы су құбыры болған. Бірақ ол мүлде жұмыс істемеді. Қазір мұндағы ағаштар қурап жатыр. Ал бұл саябаққа миллиардтаған қаржы жұмсалды. Жасыл желекті қараусыз, иесіз қалдыруға болмайды, – деді С.Есілов.

> «Жасыл белдеу» аумағы **14827** гектарды құрайды. Бірінші кезеңде оған **13 млн** жасыл желек отырғызылды. Қазір екінші кезең жұмыстары жүргізіліп жатыр. Осыны баяндаған «Астана орманы» ЖШС бас директоры Мәулен Самамбетов **2012-2020** жылдары **3174342** көшет отырғызылғанын, соның **41** пайызы қылқан жапырақты, ал **59** пайызы жапырақты тұқымдар екенін айтты

# ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІ АРТТЫ МА?



**Елорда әкімдігінің қаулысымен энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттырудың 2017-2020 жылдарға арналған кешенді жоспары бекітілген болатын. Қалалық мәслихаттың көпшілік тыңдауларында мұның орындалуы туралы Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Төлеген Құлышев есеп берді.**

– Баламалы энергия көздеріне өту үшін басқармамыз қаланың 23 нысанында жаңартылған энергия көздерін орнату жұмысын жүргізді. Соның аясында екі көше мен бірнеше саябақ пен сквер, сорғы стансасы жарықтандырылды. «Жасыл» энергияны пайдаланатын мешіт салынды. Жаңартылған энергия көздері тұрғын үй кешендері құрылысында белсенді қолданылуда. Қазіргі таңда қалада осындай энергияны өндірудің көрсеткіші сағатына 700-ден астам киловатты құрайды. Содан жылына 20 миллионнан аса теңге үнемделіп жатыр. 2011 жылдан бері «Өркен қала» ЖШС 52 көппәтерлі тұрғын үйде жаңғырту жұмыстарын жүргізді. Сол арқылы жылу энергиясының 15-20 пайызы үнемделді, – деген Т.Құлышев көптеген басқармалар энергия үнемдеу шараларын орындамағанын жеткізді.

Оның айтуынша, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында көшелерді жарықтандырудың «ақылды» жүйесін құру мен пайдалануға қатысты құжат әзірленді. Соның шеңберінде инвестор есебінен көшелерде 3877 шам энергия үнемдегіш шамға ауыстырылады. Алда автоматтандырылған диспетчерлік пункт құрылады. Бұл нысан тәулік уақыты мен жарықтандыру деңгейіне қарай шамдарды автоматты түрде өшіріп, қосады. Сол арқылы энергия жыл сайын 30 пайызға үнемделмек.

– «Жасыл» экономикадан хабары бар, сол бағытта жұмыс істейтін мамандарды көбейту қажет секілді. Яғни барлық табиғи ресурстарды тиімді пайдалануды жүзеге асыратын коммуналдық жұмыс болуы керек. Бірлескен жұмыс кезінде нәтиже болады деп ойлаймын, – деген ұсыныс айтты қалалық мәслихат депутаты Ерлан Дәкенов.

Депутат Нұрлан Көпешов Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев энергия тиімділігін арттыруға нақты тапсырма бергенін еске салды. Күні кеше ғана Президент осы тақырыпта жиын өткізгенін айта келе, қалада бұл жұмысты күшейту керектігін, басқармалармен жұмыс істеп, энергия үнемдеу олардың бюджетін үнемдейтінін түсіндіру қажеттігін жеткізді.

Оның әріптесі Бауыржан Жанқонақов №1 индустриалды парк аймағында жарықдиодты шамдар өндіріліп жатқанын, оның жылдық қуаты 12 млн дана екенін айтты.

– Бүгінге 185 миллион теңгенің өнімі өндірілді. Мұндай көрсеткішке қанша уақытта қол жеткізілді? Қазірге дейін нақты қанша шам шығарылды? – деген сауалды қойды депутат.

Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы басшысының орынбасары Гүлмира Ермолдина бұл сауалға жазбаша жауап беретіндерін жеткізді.

Б.Жанқонақов 2017 жылы елордада «Болашақ энергиясы» тақырыбымен «ЭКСПО» халықаралық көрмесі өткенін еске сала келе, оған 90-нан астам мемлекет пен 40-тан аса ірі ұйым қатысқанын айтып өтті. Бірақ бас қалада 2015-2020 жылдары энергия үнемдеу бойынша бір ғана жобаның жүзеге асырылғанын қалай түсінуге болатынын сұрады.

– Бұл жоба «Астана су арнасы» кәсіпорында іске асты. Бір жылда кемінде осындай төрт жобаны іске асыруға болады деп есептеймін, – деді депутат.

Жиынға төрағалық еткен депутат Батыр Котырев жылу энергиясында отын ретінде мазут әлі пайдаланылатынын, бұл қымбатқа түсіп жатқанын айтып, оны азайту бағытында қандай жұмыстар жүргізіліп жатқанын сұрады. Жаңартылған энергияны қолдануды күшейту қажеттігін айтып өтті.

– Қазір қаланы газдандыру жүріп жатыр. Біз 19 әлеуметтік нысанды газға көшіруді жоспарлап отырмыз, – деді Т.Құлышев.



# БАСҚАРМАЛАР БЮДЖЕТТІ НЕГЕ ИГЕРМЕДІ?

**Өткен жылы Нұр-Сұлтан қаласы Қаржы басқармасы 93 млрд теңгеден астам сомаға құнды қағаздарды шығаруды ұйымдастырды. Оның 49 миллиарды «Нұрлы жол» бағдарламасын іске асыруға, 44 миллиарды «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы аясында дағдарысқа қарсы шараларға бағытталды. Қалалық мәслихаттың былтырғы бюджеттің орындалуына арналған отырысында осыны аталмыш басқарманың басшысы Әліби Жұмаев баяндады. Бұл жолы мәслихаттың әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі және бюджет, экономика, өнеркәсіп, кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиялардың бірлескен отырысы өтті.**

– Былтырғы бюджеттің игерілмеу көрсеткіші 1,1 пайызды құрады. Соның ішінде 7 миллиард 225 миллион теңге игерілмеді. Объективті себептермен 426 миллион теңге игерілмей қалды. Жалпы алғанда, он бес бюджеттік бағдарлама әкімшісінің үшеуі қаржыларын игермеді, – деді Ә.Жұмаев.

Оның айтуынша, бөлінген қаржыны Дене шынықтыру және спорт, Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау, Білім басқармалары толығымен игермеген. Алғашқы басқармаға қарасты Олимпиадалық резервтің №8 мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің үрлемелі футбол алаңын жөндеу бойынша орындалған жұмыстардың актісі уақытылы ұсынылмағандықтан, 159 млн теңге игерілмей қалды. Білім басқармасы 20 млн теңгені игеруді үлгермеген. Оның себебі №62 сәбилер балабақшасын күрделі жөндеу бойынша жеткізуші шартты орындамаған.

Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасына келсек, атаулы әлеуметтік көмекті 23509 адам, кепілдендірілген әлеуметтік пакетті 5327 аз қамтылған азамат алды. Төтенше жағдай кезінде 2 АЕК көлемінде жәрдемақы 45577 адамға берілген. Жалпы 159 мұқтаж азамат көмек алды. «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы аясында 16 мыңнан астам жұмыс орны құрылды. Жоспар бойынша 15253 болуы керек еді. Бұл тұрғыдан асыра орындау 5,4 пайызды құрады.

Мәслихат депутаты Нұрдәулет Оразханов ерекше қажеттілігі бар балаларға көмек көрсетуге қанша қаржы жұмсалғанын, «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бойынша тұрақты және уақытша жұмыс көрсеткіші қандай болғанын сұрады.

– Депутаттарға көптеген адамнан өтініштер түседі. Соның әрбір екіншісі атаулы әлеуметтік көмекті қалай алуға болатынын сұрайды. Ерекше қажеттілігі бар балаларға техникалық құралдарды, гигиена заттарын алу мәселесімен жүгінеді, – деді Н.Оразханов.

Депутат Азамат Айтхожин Олимпиадалық резервтің №8 мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебі футбол алаңының жөнделуіне жауапты адамдар немқұрайлы қараған деп есептейді. Ол бюджетті игермеген басшыларға қандай шаралар қолданылатынын сұрады. Депутаттың пікірінше, бөлінген қаржыны 100 пайыз игерген басшылардың сұраныстарын қанағаттандыру керек.

Нұр-Сұлтан қаласы Тексеру комиссиясының төрағасы Иманжүсіп Ақпомбаев республикалық бюджеттен 253,6 млрд теңге көлемінде трансферттер жоспарлы түрде жіберіліп жатқанын, бірақ бұл қаражатты тиімсіз пайдалану себебінен қыруар қаржы қайтарылатынын айтты. Жылдан-жылға дебиторлық берешек өсетінін жеткізді.

Нұр-Сұлтан қаласының Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы басшысының орынбасары Алмат Сейітқұлов қалада шағын және орта бизнес өкілдерінің саны артқанын айта келе, былтыр медициналық жабдықтармен жиынтықта инфекциялық науқастарды орналастыру үшін модульдік конструкция сатып алынғанын мәлімдеді.

Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік бойынша іске асырылуы жоспарланған 47 жобадан 14-і бойынша ғана келісімшарттарға қол қойылды. Мұның себебін депутат Ләззат Разбекова-Төлеуханова сұрады. Оны әріптесі Алтыншаш Табулдина қостады.

Депутаттар елорданы дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған бағдарламасы қалай іске асырылғанын да сұрады. Бұған жауапты басқарма жазбаша жауап беретін болды.

# ӘЛЕМДІК ДІНДЕРДІҢ ДӘНЕКЕРІ

**Елімізде өткен әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі егемен еліміздің діни-руханият дипломатиясы тұрғысындағы басты ұстанымын паш еткен оқиғалардың бірі ретінде тәуелсіздік шежіресіне жазылды.**

uaisova.a@mail.ru

**Айгүл УАЙСОВА**

Кеңелелі басқосулар елордамызда алты рет: 2003, 2006, 2009, 2012, 2015 және 2018 жылдары өтті. Оған ислам, христиан, иудаизм, буддизм, синтоизм, даосизм және өзге дәстүрлі діндер басшылары мен көрнекті өкілдері қатысты.

Әлемдік және дәстүрлі діндердегі жалпы адами құндылықтарды іздестіруге, дін келіссөзін жүзеге асыру және ортақ шешімдер қабылдауға бағытталған халықаралық конфессияаралық институт құруға негізделген алғашқы съезд 2003 жылдың 23-24 қыркүйек аралығында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен өткізілген болатын.

Мұның алдында 2003 жылы ақпан айында өткен Бейбітшілік пен келісім халықаралық конференциясында сөз сөйлеген Елбасы жиналғандарға Қазақстанда әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезін өткізу туралы ойын ортаға салады. Бұл бастаманы Қазақстан Президентінің Ватиканға сапарында алғашқылардың бірі болып католик шіркеуінің өкілдері қолдау көрсетті. Бұл идеяны К.Аннан, Дж.Буш, М.Тэтчер, Ц.Цземинь, Н.Манделла, Ж.д'Эстен, М.Горбачев және тағы басқа әлемнің беделді саясаткерлері жылы қабылдады. Бұл дүние жүзіндегі сындарлы кезең, дінаралық диалог алаңын қалыптастыруға түрткі болған себептердің басында АҚШ-тағы 11 қыркүйек оқиғасы, Ауған және Ирак жерлеріндегі әскери операциялары дүниені екіге бөліп, дүр сілкіндірген шағы еді. Сондықтан да өшпенділік пен экстремизмге қарсы толеранттылық пен өзара сыйластық мәдениетін дамыту, діндерді бір-біріне қарсы қою және теологиялық пікірталастарды әрі қарай саясаттандыруда, сондай ақ бір дін тарапынан екінші діннің беделін түсіруге талпыныста көрініс табатын «өркениеттер қақтығысы» тезисінің басым болуына жол бермеу, өркениеттер, мәдениеттер мен діндер арасындағы жаһандық диалогты ілгерілету мақсатында да бұл жиынның мәртебесі арта түсті.

Әр жылдары өткен жиынға съезге қатысқан делегациялардың құрамында БҰҰ, ЕҚЫҰ, ЮНЕСКО және басқа да халықаралық ұйымдардың өкілдері болған. Съезд барысында ислам діні тарапынан Мысыр, Үндістан, Индонезия, Иран, Түркия, Ливия, БАӘ, Кувейт, Қытай, Ресей, Қырғызстан, АҚШ, Сауд Арабиясы және Пәкістан елдерінен әл-Азһар университетінің жоғарғы имамы Мұхаммед Саид Тантауи, Бүкіләлемдік ислам лигасының бас хатшысы Абдалла Бен Абдель Мохсен Ат-Турки және Бүкіләлемдік исламды уағыздау қауымдастығының бас хатшысы Мұхаммед Ахмад аш-Шариф, католиктер шіркеуінің кардиналдары Йозеф Томко мен Жан-Луи Торан, Константинополь Православ шіркеуінің патриархы І Варфоломей, Израильдің бас раввиндері Йона Мецгер, Шломо Амар және Ицхак Йосеф, «Джинджя Хонче» жапон синтоистік храмдары қауымдастығының президенті



Цунекиё Танака, Дүниежүзілік лютеран федерациясының президенті Муниб Юнан, Дүниежүзілік буддистер қауымдастығының бас хатшысы Фаллоп Тайиари, Индология мен дінаралық диалогты зерттеу институтының төрағасы Самир Сомайя сынды белгілі дін тұлғалары қатысты.

Алғашқы съезге 13 елден дін көшбасшылары мен құрметті меймандар қатысса, соңғы V съезге қатысу үшін астанаға әлемнің 42 елінен 80-нен астам делегация сапарлап келді.

Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезінің 15 жылдығына орай 2018 жылы арнайы пошта маркасын шығарды.

«Сіздер жеке дара ерекше діннің өкілісіздер. Бірақ олардың әрқайсысы жалпы адамзаттық құндылықтарды, адамгершілік қағидаларының бірлігін толық мойындайды. Бітімгерлікке шын ниетпен ұмтылу Алланың ізгі істеріне деген сенімге негізделеді. Санасына жанжал ұялаған адам ешқашан шынайы діндар болмақ емес. Алайда дәл қазір болашақ адамзаттың бет-бейнесі қалыптасуда. Біз қандай жағдайда біздің ортақ ғаламшарымызды болашақ ұрпаққа бере аламыз – бұл басты өркениет мәселесі» деді Нұрсұлтан Назарбаев соңғы V съездің ашылу салтанатында сөйлеген сөзінде.



# ӘУЕ ҚАҚПАСЫНЫҢ ӘЛЕУЕТІ

**Тәуелсіздіктің 30 жылдығындағы мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық өміріндегі негізгі салаларымен бірге әуедегі жолаушы және жүк тасымалының да қуаты еселене түскені анық. Қазақстан секілді әлемге есігін айқара ашып, халықаралық қатынаста алыс-беріс, барыс-келіске айрықша мән беретін мемлекеттің әуе кеңістігіндегі әлеуеті қашаннан үлкен маңызға ие.**

wynbolat94@gmail.com

**Шынболат КҮЗЕКБАЕВ**

Әсіресе Алатау баурайынан Арқа төсіне қоныс тепкен жаңа астанадағы әуежай қызметінде тың серпін байқалды. Іргетасы сонау 1930 жылдардың басында қаланған елордамыздың Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайының кешегісі, бүгіні мен ертеңі ел егемендігінің, одан бері де бас қаланың қалыптасу, нығаюы тарихымен біте қайнасып жатыр.

**КЕШЕ**

1930 жылы сол кездегі Ақмола қаласынан 3 шақырым қашықтықта әуежай салынады. Әрине, бұл құрылысты қазіргі заманауи үлгіде жабдықталған әуе кемесінің кез келген түрін қабылдауға дайын әмбебап кешенмен салыстыруға болмас. Дейтұрғанмен Ақмола әуежайы іске қосылған алғашқы жылдың өзінде мұнда Ақмола-Семей бағытында тұрақты әуе рейсі қызмет көрсете бастапты. Жолаушылар К-4, К-5, ПР-5, П-5, П-2 сынды ұшақтармен тасымалданды.

Арада көп өтпей Ақмола әуежайында бірқатар ішкі рейстер ашылды. Соғыстан кейін әуежай жолаушылар тасымалымен бірге санитарлық авиация, халық шаруашылығы салаларында қызмет көрсетуді бастады. Осылайша бірте-бірте Ақмола әуежайының кәсіби деңгейі артты. Материалдық- техникалық база нығайып, әуе кемелеріне қызмет көрсететін штат құрамы 40-50 адамға дейін өсті. Нәтижесінде әуежай ұшақтың жеңіл түрлерінен бөлек, ЛИ-2 сынды ауыр типті ұшақтарды да қабылдай бастады.

Осыдан дәл 60 жыл бұрын әуежайдың ұшу-қону жолағы кеңейтіліп, әуежайға алғаш рет ИЛ-12, ИЛ-14 ұшақтары қонды. Көп ұзамай ақмолалық бірлескен авиажасақ құрылып, әуе желілері көбейді. 1966 жылы әуежайдың жаңа ғимараты іске қосылды. Әуе кемелерінің паркі АН-24 ұшағымен толығып, Ақмола әуежайының жолаушы, жүк тасымалындағы қуаты еселене түсті.

Тәуелсіздік алғаннан соң ел астанасының Ақмолаға көшірілуі жергілікті әуежайдың тарихындағы елеулі бетбұрыстарға жол ашты. Астаналық әуежай атына лайық ету мақсатында әуе айлағындағы қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілді. Ұшу-қону жолағы 3500 метрге дейін ұзартылып, рульдеу жолағы кеңейтілді. Жарық жүйесі және радионавигациялық жабдықтар ауыстырылып, VIP-ғимарат салынды.

Жаңа ғасырдың алғашқы жылдарында әуежайдағы жаңартудың халықаралық жобасы жүзеге асырылды. 2005 жылғы 2 ақпанда әуежайдың жаңа жолаушылар терминалының тұсауы кесілді. Ал 2017 жылдың 31 мамырында Астана әуежайында жылына 5 миллион жолаушыға қызмет көрсете алатын жаңа терминал іске қосылды.

2017 жылдың 20 маусымында Үкімет қаулысымен Астана халықаралық әуежайына ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың есімі берілді.

Өткен жылдың маусымында әуежайдың халықаралық әуе көлігі қауымдастығындағы коды өзгерді. 1961 жылдан бастап сол кезде Целиноград деп аталған қала атауының аббревиатурасы ретінде «TSE» деп қолданылған әуежай кодын жаңа «NQZ» атауы алмастырды.

**БҮГІН**

Қазіргі таңда Нұрсұлтан Назарбаев атындағы халықаралық әуежайы 18 ішкі және 38 халықаралық бағытта тұрақты жолаушылар рейсін жүргізетін 20 әуе компаниясына қызмет көрсетеді.

Тек ағымдағы жылдың қаңтар-наурыз айларының өзінде 967 мың жолаушы елорда әуежайы арқылы ұшып-қонған.

Сондай-ақ биыл әуежайдағы жүк айналымы 2020 жылдың алғашқы тоқсанымен салыстырғанда 14,2 пайызға өсіп, 2 миллион 379 мың тоннаға жеткен. Жалпы соңғы 15 жылда әуежай арқылы жолаушы, жүк тасымалының көлемі 5 есеге артқан.

Елорда әуежайының бүгінгі тыныс-тіршілігі туралы сөз қозғағанда ең әуелі оның әлемдік пандемияның салдарына күрестегі қам-карекеті ойға оралады.

Жаңа жағдайға бейімделе отырып, қызметін жалғастырған әуе айлағы туристерге алғашқы әсер сыйлаудан бұрын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар қатаң сақталуы керек нысанға айналып шығады. Күн сайын 60 әуе рейсінде мыңдаған жолаушыны күтіп алып, шығарып салатын әуежайда коронавирустық инфекцияның таралуын шектеу мақсатында кешенді шаралар қолға алынды.

Жолаушылар мен әуежай қызметкерлерінің қауіпсіздігіне баса мән берумен бірге Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы пандемияның салдарымен күресуге де атсалысты. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі ұлттық іс-қимылдар жоспарын орындау мақсатында 2020 жылдың 1 қыркүйегінен бастап әуежай аумағындағы коммерциялық кеңістіктерді жалға беру төлемі тоқтатылды. Әуе айлағындағы кәсіпкерлік нысандарға жолаушылар ағымының төмендеуіне байланысты мұндай жеңілдіктер оған дейін де жасалған болатын. Кейіннен 2020 жылдың 20 наурызынан 31 желтоқсанына дейінгі аралықта коммерциялық кеңістікті жалға беруден әуежайға кіретін кіріс жоспарының 992 миллион теңгеге орындалмағаны белгілі болды.

Ағымдағы жылдың мамыр айының 10-ыншы жұлдызынан бастап әуежайға жолаушылар Ashyq қосымшасы арқылы кіргізіле бастады. Жаңа қосымша қызмет алушылардың коронавирустық инфекцияға қатыстылығы бойынша мәртебесін анықтауға мүмкіндік береді. Және жолаушылар мен оларды шығарып салушыларды әуежай ғимаратына кіргізу сол мәртебелерге сай жүргізіледі.

**ЕРТЕҢ**

Пандемия салдарынан жолаушыларының 60-70 пайызынан айырылғанына қарамастан, елорда әуежайының 2021-2035 жылдарға арналған даму тұжырымдамасы әзірленді. Тұжырымдама арқылы Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежай алдағы 15 жыл ішінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы мен Орта Азия елдері арасындағы жолаушы, жүк тасымалының әуе хабына айналмақ. Сондай-ақ мұнда жүк тасымалының мультимодульді орталығы құрылып, қызмет көрсетудің «e-commerce» жүйесі енгізіледі. Және еркін сауда аймағы пайда болады.

– Қауіпсіздік, сапа, сервис сынды 3 негізгі құндылыққа иек артқан бұл тұжырымдама арқылы біз ел астанасын республиканың басқа қалаларымен, әлемдік орталықтармен қауіпсіз, сапалы және тұрақты әуе тасымалымен қамтамасыз етеміз. Бұл мақсатта жолаушылар және жүк тасымалын арттыру, әуе рейстерінің санын көбейтуге басымдық беріп отырмыз. Жүк тасымалының көлемін ұлғайту үшін қосымша автомобиль және теміржол желілері тартылмақ. Сонымен қатар әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету орталықтары құрылады. Біліктілігі жоғары авиация кадрларын даярлайтын оқу орталығын жетілдіре отырып, жолаушылар мен әуе компанияларға қызмет көрсетуде жоғары сапаға қол жеткіземіз, – дейді Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайының басқарма төрағасы Ғабит Тәжімұратов.

Әуежайды дамытудың көпжылдық тұжырымдамасы бірнеше кезеңдер мен мақсатты индикаторларды қамтиды. Атап айтқанда, 2023 жылы әуе айлағы елдің басты әуе қақпасына айналады. Ал 2025 жылы мұнда мультимодульді орталық іске қосылады.

– Тұжырымдаманың басты индикаторлық көрсеткіші саналатын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы мен Орта Азия елдері арасындағы жолаушы, жүк тасымалының әуе хабына айналу бойынша межеге 2027 жылға қарай қол жеткізу жоспарланған. Ал 2030 жылға қарай «Әуежай city» жобасын іске асырамыз. Әлемдік әуе хабты дамыту мәселелерін шешу «Аэротрополис» тұжырымдамасында қарастырылған. Бұл тұжырым әуежайдың стратегиялық тұрғыдан сәтті орналастыру арқылы оны туристерді тарту мен бизнесті дамыту нүктесіне айналдыру мақсатын көздейді. Сол арқылы «Әуежай – іскерлік орталық», «Әуежай – қала», «Әуежай – өңір» сынды ұғымдар қалыптасады. Әлемде осы параметрлерге сай келетін әуежайлар жетерлік. Алдағы 15 жылда Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы да осы қатардан табылады. Ол кезде әуежай аумағында ірі сауда-саттық, ойын-сауық орталықтары, индустриалды парк, медициналық орталық, өндіріс алаңы мен логистикалық кешен және еркін экономикалық аймақ болады, – дейді Ғ.Тәжімұратов.

Әуежай басшылығы жыл соңына дейін әуежайды дамытудың 2035 жылға дейінгі тұжырымдамасы бойынша шебер жоспарды әзірлеп, іске асыруға кіріседі. Бұл елорда әуе айлағының ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығындағы жаңа межесіне айналмақ. Әрі дамудың көпжылдық тұжырымдамасын Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайының «екінші тынысын» ашудағы кешенді шаралардың легі ретінде қарастыруға да болады.







# ГОЛОЩЕКИННІҢ ҚАНДЫ «КІШІ ҚАЗАНЫ»

## НЕМЕСЕ МАЛЫ МЫҢҒЫРҒАН ҚАЗАҚ ЖҰРТЫ ҚАЛАЙ АШТЫҚҚА ДУШАР БОЛДЫ?

**Қазақстанда тоталитарлық жүйенің нығаюы 1925 жылдың күзінде өлкелік партия ұйымының басшысы болып сайланған Ф.И.Голощекиннің есімімен байланысты еді. Кәсіби революционер, патша отбасын атуды ұйымдастырушылардың бірі болған Голощекин Қазақстанның астанасы Қызылордаға келіп түскен бойда, бірден «қазақ ауылында Кеңес өкіметінің жоқ» екенін, «мұнда Кіші Қазан» өткізу керектігін мәлімдеді. Негізгі міндет ретінде әлеуметтік саралауды жою арқылы дәстүрлі қауымдастықты бұзу жарияланды. Қазақтарды жаппай отырықшы, егінші ету келесі маңызды қадам болуға тиіс еді.**

Мұндай іс-шаралардың жергілікті коммунистер тарапынан наразылық туғызуы мүмкін екенін айқын түсіне отырып, Голощекин ең алдымен өзінің көзқарасын бөліспеген партия көшбасшыларымен күресуді қолға алды. Көп ұзамай-ақ, 1926 жылы С.Сәдуақасов пен С.Қожанов «ұлтшылдыққа бет бұрған» деп айыпталды. С.Сейфуллин, М.Мырзағалиев, Н.Нұрмақов, С.Меңдешев және басқалары қуғындалды. Олардың көпшілігі республикадан шеттетілді. Ж.Сұлтанов, С.Сәдуақасов және Ж.Мыңбаев қызметтерінен қуылды.

Ф.И.Голощекин ауылдардың әлі күнге дейін «...таптық күрестің лебін сезбегенін», «...қазақ ауылдарында Кеңес өкіметінің жоқтығын», «...ауылда Қазан болмағанын, кедейлер комитеттері мен мал-мүлкі тәркілену дегеннің не екенін білмейтінін», «...ауылда коммунистің атымен болмағанын» қасарыса дәлелдеуге тырысты. Ары қарай Голощекин «осыған дейін бұл жерде 1925 жылдың күзіне дейін болған жайттарды Қазақстанның және оның партия ұйымының алдыңғы тарихы деп атауға болатынын» айтты.

БК(б)П-ның Өлкелік комитетінің екінші хатшысы О.Құрамысов Ф.Голощекинді табанды түрде қолдады. Оның құлағына ол: «Қазан дауылы қазақ ауылын сәл ғана жанап өтті» дегенді құюмен болды. «Қаталырақ айтқанда, – деп жалғастырды ол, – бұл кезеңде Қазақстанда біртұтас және тастай берік партия ұйымы болған жоқ».

Жиырмасыншы жылдардың ортасындағы Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріне тән қасіретті ерекшелік – сол уақыттан бастап сталинизмнің идеологиялық аппаратының тарихи сана-сезімді түп тамырымен құртуға, осы сана-сезімді бойларына жинаған ұлттың зиялы қауымының көрнекті өкілдерінің көзін жоюға бағытталған кең ауқымды іс-шараларды жүргізуі болды.

Тоталитарлық режимнің нығаюына қарай, бірте-бірте «Алаш» партиясының мүшелерін, сондай-ақ өлкедегі әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің қарқындары мен әдістері мәселесінде өз көзқарастарынан танбаған және республиканың шаруашылық-саяси және кадр мәселелерін шешу ісіндегі егемен құқықтарын аяусыз таптап, қорлап отырған, жергілікті халықтың ұлттық ерекшеліктерімен, мүдделерімен санасқысы келмейтін Орталықтың саясатының дұрыстығына күмән келтірген республиканың басқарушы қызметкерлерін саяси қуғындау күшейе түсті.

Республикада оппозицияның ықтимал әрекеттерін басып-жаншу үшін идеологиялық негіз осылай құрылып, нәтижесінде, қазақ халқын күштеп ұжымдастырған және 1937-1938 жылдарда жаппай қуғын-сүргінге салған қайғы-қасіреттерде есеп болмады.

БК(б)П-ның Семей губерниясы комитетінің хатшысы қызметіне 1923 жылы Марийск облыстық комитетінен жіберілген, содан кейін өлкелік партия комитетінің ұйымдастыру-инструкторлық бөлімінің меңгерушісі лауазымына тағайындалған Н.И. Ежовтың тұсында ұлтшылдар және ұлтшылдыққа бет бұрғандар туралы үрей туғызу, жергілікті мамандарды қуғындау анағұрлым күшейді.

Бір мезгілде Қазақстанда «өзгерістер» енгізудің Голощекин ұсынған үлгісімен келіспеген жауапты қызметкерлердің қарсылығын басып-жаншу орын алды.

Қазақтың белгілі қызметкерлерінің үлкен бөлігіне «топтасып күресті» деген айып тағылды. Бірақ басты «топтасқандардың» бірі Сәдуақасовтың ісімен арнайы айналысқан БК(б)П-ның Орталық бақылау комиссиясы Қазақстанда ондай топтың бар екенін дәлелдей алған жоқ. Соған қарамастан, орталықта оппозициямен күресудің үлгісі бойынша, жекелеген жауапты қазақ қызметкерлері арасындағы дау-дамай, пікірталастар мен келіспеушіліктер топтасқан күрес ретінде, ал олардың республика мүдделерін қорғаған әрекеттері «ұлтшылдыққа бет бұру» деп бағаланды. И.В.Сталинге, В.М.Молотовқа және Л.М.Кагановичке жолдаған хаттарында Н.И.Ежов барлық ұлттық мамандарды, барлық қазақ коммунистерін «ұлтшылдыққа бет бұрғандар» және «топтасып күресушілер» деп айыптап, оған қоса, олардың арасында «сау партиялық күштер жоқ» деп қаралаған. КСРО ішкі істерінің болашақтағы халық комиссары, 1937 жылы жаппай қуғын-сүргінді белсенді жүргізген Н.И.Ежов Мәскеуге ауысар алдында өзінің мансабын осылай бекіте түсті.

Сөйтіп өткен ғасырдың 20-шы жылдарының соңында баршаға бірдей күдіктену жағдайы ушығып, шарықтау шегіне жетті. Орталықта Троцкий мен Зиновьев оппозициясымен және ұлттық республикаларда «оңшыл оппортунистермен» күрес революцияға дейінгі кезеңнің ұлт-азаттық қозғалысы өкілдеріне қарсы қудалау, жазалау түрінде жүргізілді. Нәтижесінде, 1928 жылдың соңында «буржуазиялық ұлтшылдар» деп аталғандардың – «Алаш Орданың» бұрынғы қайраткерлерінің арасынан 44 адам, оның ішінде: А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Х.Ғаббасов және басқалары жалған айыппен тұтқындалды.

Көп ұзамай, Ж.Аймауытов, Ә.Байділдин, Ғ.Бірімжанов және Д.Әділев атылып, қалғандары әртүрлі мерзімдерге сотталды. М.Дулатов лагерьде қайтыс болды, ал А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев және басқалары жазаларын өтеп, 1937 жылы «Алаш Орданың» қызметіне қатысқандары үшін қайтадан жазаланып, 1937-1938 жылдары ату жазасына кесілді.

Құрамында М.Тынышбаев, Х.Досмұхамедов, Ж.Досмұхамедов, Ж.Ақбаев бар ұлт зиялыларының екінші тобы (40 адамға жуық) 1930 жылдың қыркүйегінде тұтқынға алынды. Олардың 15-і (М.Тынышбаев, Х.Досмұхамедов. Ж.Досмұхамедов, Ж.Ақбаев, К.Кемеңгеров және басқалары) Ресейдің қара топырақты орталық облыстарының біріне жер аударылып, 1937-1938 жылдары барлығы дерлік атылды.

Сөйтіп, кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында «Алаш» қозғалысына қатысқандарға жарияланған рақымшылыққа қарамастан, сондай-ақ ары қарай ешкімнің де кеңес өкіметіне қарсы қызметпен айналыспағаны еленбестен, олар сталиндік қуғын-сүргіннің құрбандары болды. Тұтқындалғанға дейін олардың бәрі халық шаруашылығының әртүрлі салаларында адал қызмет етіп, Қазақстанның өркендеуіне орасан үлкен үлес қосқан болатын.

Зиялы қауым өкілдерінің қарсылығын түпкілікті басып тастау үшін, режим оларды «мал-мүлікті тәркілеу жөніндегі шараларға қарсы тұрды» деп айыптады. «Алаш Орда» мүшелеріне тағылған айыптардың кей тармақтары төмендегідей мазмұнда болды:

1. 1921-1922 жылдары кеңес өкіметін құлатуды мақсат еткен астыртын контрреволюциялық ұйым құруға қатысу.

2. Ферғанада басмашылармен байланыс орнату.

3. Кеңес өкіметін құлату мақсатында оған қарсы қарулы көтеріліске дайындық жасау.

4. Кеңес өкіметіне қарсы үгіт-насихат жүргізу және тағы басқадай.

Жиырмасыншы жылдардың соңы – отызыншы жылдардың басында КСРО-ның әлеуметтік-экономикалық дамуы барысында дағдарыстың ушығуы шамасына қарай, кінәлілерді – зиянкестерді, кеңестерге қарсы қастық әрекеттерді және астыртын ұйымдарды іздеп табу кең ауқымды жүріп жатты. Орталықтағы ұқсас әрекеттермен қатар («Өнеркәсіп партиялары», «Шаруалар партиялары» және басқаларына қатысқандарды соттау үдерісі), Қазақстанда ұлттық бағыттағы жауларды іздеу басталды. Шахталар мен кәсіпорындарда орын алған кездейсоқ апаттар, колхоздар мен совхоздарда малдың қырылуы, өрт және басқадай табиғат апаттары «тап жауларының әрекеттері» деп қабылданып, тиісінше, «халық жауларына» және кеңес өкіметін құлатқысы келетін «қаскөй ұйымдарға» қарсы «қылмыстық істер» қолдан жасалатын.

Қудалау әрекеттері содан кейін де тоқтаған жоқ. 1937-1938 жылдары республиканың барлық дерлік басқарушы партия және кеңес қызметкерлері сондай жазалаудың құрбандары болды. Қуғын-сүргінге түскендердің көпшілігіне тағылған айыптар тармақтарының бірі күштеп ұжымдастыру кезеңінің қасіреті еді.

«Ұлтшыл фашистер» деп аталып, 1937-1938 жылдары қудаланғандар істерінің материалдары Н.И.Ежов пен оның сыбайластарының қылмыстық істерді оп-оңай қолдан жасаудың шеберлері болғанын дәлелдейді. «Әртүрлі топтарға қатысқандар» делінгендердің әлдеқашан қаралған істері қайтадан жарыққа шығарылып, олардың қатарына кезінде республиканың мүдделерін қорғап, 1931-1933 жылдары қазақ жұртшылығының жаппай қырылуына қарсы тұрғандар да ілікті. 1937-1938 жылдары жалған айыппен көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері жазаға тартылды.

Сөйтіп, ХХ ғасырдың 20-шы жылдарының соңы мен 30-шы жылдарында тоталитарлық режим қоғамдық-саяси өмірдің барлық дерлік салаларында нық орнады. Қазақстанда ол күштеп ұжымдастыру және 1937-1938 жылдардағы саяси қуғын-сүргін кезеңінің қайғылы оқиғаларымен қатар жүргізіліп, ерекше апатты сипат алды. Өлкедегі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, Қазақстанға одақтық республика мәртебесінің берілуі, мәдени құрылыс, халыққа білім беру және ғылым салаларындағы табыстар тоталитарлық режимнің қатал идеологиялық қысымы мен бақылауында болды. Осының барлығы Қазақстанның КСРО құрамында ары қарай дамуын айқындап берді.

Енді Қазақстанда Ф.И.Голощекин билік құрған кезеңге қайтадан оралайық. Қазақстанда «өз пікірі барларды» іс жүзінде құртып тынып, Голощекин өмірге өзінің «Кіші Қазан» идеясын енгізуді қолға алды. 1926-1927 жылдары егістік және жайылым жерлерді қайта бөлу үдерісі іске асты. Ауқатты тұрмыс қалыптасқан шаруашылықтардан 1360 мың десятина шабындық және 1250 мың десятина жайылымдық жерлер алынып, кедейлер мен орта шаруаларға берілді. Алайда бұл шара күткен нәтиже бермеді. Малдары жоқ шаруашылықтар өздеріне берілген шабындықтар мен жайылымдарды тиісінше пайдалана алмай, көпшілік жағдайларда бұрынғы қожайындарына қайтарды.

Келесі қадам ірі бай мал иеленушілердің мүлкін тәркілеп, оларды отбасыларымен бірге тұрып жатқан аудандарынан тыс жерлерге көшіру болды. Жеті жүзге жуық шаруашылықтан мал-мүлік тәркілеу жоспарланған болатын. Сол кездегі құжаттарға сәйкес, 696 шаруашылықтан мал тәркіленгені жазылғанмен, іс жүзінде бұл санның әлдеқайда көп болғаны белгілі. Мәселен, Ақмола округінде жоспар бойынша 46-ның орнына – 200-ден астам, Петропавловск округінде 34 емес, 102 шаруашылық тәркілеуге және көшірілуге жатқызылған. Осындай науқанның нәтижесінде, барлығы 145 мың мал басы кедейлерге берілді. Тәркілеуге өте бай мал қожайындары ғана емес, сонымен қатар өкіметті жақтай қоймаған орта шаруалар да ілініп кеткенін айтуымыз керек. Ауылшаруашылық өнімдері үшін төленетін салықтардың үлкен бөлігін төлеуге мәжбүр болған ауқатты шаруашылықтарды салықпен қысу бұрынғыдан да күшейе түсті.

Мысалы, 1927-1928 жылдары шаруашылықтардың 4%-і салықтардың барша сомасының 33%-ін төлеген. Одан өзге, «өз-өзіне салық салу» жүйесі деген енгізіліп, сол бойынша салық сомасы бастапқы сомадан екі-үш есе асып кеткен.

Ауқатты шаруаларға қысым жасау саясатының Қазақстанға ғана емес, күллі Кеңес Одағына тән болғанын айтуымыз керек. Кеңес өкіметі индустрияландыру үдерісін жеделдетуді өзінің басты мақсаты, ал оған қажет қаражатты экономиканың аграрлық секторы беруге тиіс деп санады. Жер мен малының өз жеке меншігі екеніне сүйенген дәстүрлі шаруашылық қысқа мерзім ішінде қажетті қаражатты бере алмады. Сондықтан 20-шы жылдардың соңында үкімет ұжымдастыру, яғни ұжымдасқан шаруашылықтар (колхоздар) жүйесін құруға бағыт ұстады.

Бұл науқанды жүргізу барысында Қазақстанға ерекше рөл берілді. Бай табиғат ресурстары мұнда ірі индустриялық база құруға мүмкіндік бергенмен, алайда жұмыс күші бұл жерлерге сырттан, Ресей мен Украинаның орталық өңірлерінен әкелінуге тиіс болды. Көшпелі және мал баққан қазақтар социалистік Қазақстанның болашақ жүйесіне «сай келмеді». Нақ осы себепті Голощекин Сталиннің келісімімен қазақтар шаруашылықтарының толық күйреуіне және тұтас халықтың іс жүзінде құруына келтірмей қоймайтын ұжымдастыру әдістерін таңдады. Сөйтіп, кең ауқымды геноцид-зұлматты, яғни әртүрлі желеу-сылтаулармен халықты қырып-жою мақсатын іске асыру басталды.

Шаруаларды ұжымдастыру еріктілік ұстанымына негізделген, бірте-бірте жүретін үдеріс ретінде қаралған еді. Бірақ 20-шы жылдардың соңына қарай шынайы бағыт түбегейлі өзгерді. Шын мәнінде, ұжымдастыру мерзімдері алдын ала белгіленіп, төтенше шаралармен жүргізілді. Сөйтіп, Қазақстан ұжымдастыру 1932 жылдың көктемінде-ақ аяқталуға тиіс аудандарға (көшпелі аудандарды қоспағанда) жатқызылды. Бұл жерде жеделдете ұжымдастырудың себептерін анықтап алу маңызды. Оның негізгі себебі ретінде елдің индустриялық дамуына басымдық берілгендігі: оны іске асыру әдістемесі қаражатты аграрлық сектордан өнеркәсіп секторына аударып құюды қажет етті.

Өте қарқынды индустрияландыру үдерісіне орасан көп қаражат салу қажет болды. Ал негізгі қаражат көзі оны өнеркәсіпке салу үшін тұрақты валюта беретін шаруа өнімі еді. Жабдықтар мен технологияны шетелден валютаға сатып алатын. Алайда ЖЭС (Жаңа экономикалық саясат) жағдайында қаражатты өнеркәсіп пайдасына қайта бөлу мүмкін болмады. Ауылшаруашылық өнімді нарықтың сатып алу бағаларымен (ЖЭС талап еткендей) емес, төмен бағалармен алуға әрекеттенген кезде, мемлекет 1927-1928 жылдарда астық дайындау дағдарысына тап болды. Дағдарыстың қиын болғаны соншалық, 128 млн пұт астық алынбай қалып, индустрияландыру жоспарының күйреуі қаупі туды.

Оның нәтижесі ЖЭС-ті тоқтатып, ұжымдастыруды жеделдете жүргізуге келтірді. Қазақстанның колхоздар құрудағы серпінді жұмысы осыдан көрінеді. 1928 жылы шаруашылықтардың – 2%-і, 1930 жылы – 50,5%-і, ал 1931 жылдың қазанына қарай 65%-і ұжымдастырылды. Бұл сандарға қарап, «колхоз дүмпуі» дейтін, колхоздар санының аса қарқынды өсуіне келтірген құбылыс шаруалардың қалауы емес, ашық қысымдардың нәтижесі болғанын болжау қиын емес. Шаруаларды сайлау құқынан айыру, тұтқындау, жер аудару және тағы басқа шаралар мәжбүрлеудің ең көп тараған әдістері болды. Ұжымдастыру үдерісі осылай күш көрсету сипатын ала бастады. Әсіресе, бұл төтенше науқанды кулактар мен байлардың мал-мүлкін тәркілеп, оларды жою үшін кең жүргізілген күрес өршітіп жіберді. 20-шы жылдарда ірі шаруашылықтарда экспроприация идеясы белсенді қарқын алды. 1927 жылы «Ірі байлар мен жартылай феодалдардың шаруашылықтарын тәркілеу туралы» Декрет қабылданады. Ауқатты шаруашылықтардың жеке меншігін күшпен тартып алып, кедейлер мен орта шаруаларға беру барлық дерлік қазақ ауылдарында қарқынды орын алды. Сол Декретке сәйкес, 700-ге жуық шаруашылық тәркілеуге жатқызылды. Бұл жерде де Ф.И.Голощекиннің белсенді қызметін айтуға болады. «Кіші Қазан» идеясы да соның атымен тығыз байланысты еді.

Сөйтіп, Голощекин алға тартқан доктринаның мәні «Қазақстанда Кеңес өкіметі орнаған жоқ» дегенге саяды. Бұл жайында ол 1925 жылдың желтоқсанында Қызылордада өткен республикалық партия конференциясында мәлімдеген. Дәстүрлі жүйені оның әлеуметтік саралануы арқылы жою басты міндет етіп қойылды.

Сталиндік басшылық Қазақстанды әлеуетті астық республикасы деп қарады. Малшыларды жедел түрде егіншілерге айналдыру, ал жайылымдарды жаңа егіншілік аудандар үшін босату міндеттелді.

Ғалым экономистердің пікірлеріне қарамастан, көшпенділерді отырықшылыққа көшіру идеясы: 1930 жылы – 87136, 1931 жылы – 77508, 1932 жылы – 77674, ал 1933 жылы 242208 шаруашылықта жедел қарқындармен іске асырылды.

Қазақстандағы ұжымдастыру үдерісінің салдары – бұл науқанның ашық қасіретті сипаты кулактар мен байларды жою, сондай-ақ колхоздарға күштеп біріктіру және көшпенділерді отырықшылық өмірге мәжбүрлеу сияқты жазалау шараларынан көрінеді. Мұндай жаппай қайғы-қасірет әкелген оқиғаларды бүгінгі күні осы заманға жеткен кейбір толық емес мағлұматтар-ақ баяндап бере алады.

1930 жылға қарай кулактар мен байлардікі саналған үш мыңнан астам шаруашылық құртылды. 1931 жылы ғана кулак ретінде Қазақстаннан 6765 адам жер аударылды. «Мемлекеттік кәсіпорындар мен колхоздардың мүлкін қорғау және қоғамдық меншікті нығайту туралы» заң қабылданған соң, Қазақстанда 33345 адам жазаға тартылды. Астық дайындау істеріне байланысты 1931 жылы 79 адам ату жазасына кесілді.

Сонымен бірге Кеңес өкіметінің қылмыстық әрекетінің ең қорқынышты салдары 1931-1933 жылдарда орын алған аштық болды. Бұл тауқымет ауқымының орасан үлкен болғаны соншалық, 1931-1933 жылдардағы аштық тарихқа «ұлы жұт» – қазақ халқының ең үлкен қасіреті ретінде енді. Демографтардың деректері бойынша, Қазақстан халқының саны сол кезеңде шамамен екі миллион адамға қысқарып, қазақ этносының 49%-ін құраған. Тұрғылықты халық санының азаюына жұртшылықтың республика аумағынан сырт жерлерге (616 мың адам, оның ішінде 205 мың адам – Қытай, Моңғолия, Ауғанстан, Иран және басқа елдерге) қоныс аударуы да себеп болған.

Ауыл шаруашылығын ұжымдастырудың социалистік үлгісі шаруалардың ушыға түскен қарсылығын туғызды. Шаруалардың бұл үдеріске қарсылығы әр алуан, оның ішінде қарулы көтеріліс түрінде байқалды. Егер 1929 жылы шаруалар қарсылығы көбінесе қарулы көтеріліс түрінде болса, ал 1930 жылдың ақпанынан кейін толқулар күшейіп, барлық жерлерде кең сипат алды. Қазақстанда ауыл шаруашылығын ұжымдастыру жергілікті халықтың өзіндік ерекшеліктері ескерілмей, мәжбүрлеу әдісімен жүргізілді.

Сөйтіп, саяси қуғын-сүргін Қазақстанда 1928 жылдың ортасында Алаш қозғалысына қатысқан қайраткерлерді тұтқындаудан басталды. Оларға «буржуазияшыл-ұлтшыл» деген айып тағылды. Олар әртүрлі мерзімге түрмеге қамалды, ату жазасына кесілді, еріксіз жер аударылды. Тіпті, Ф.И.Голощекинннен кейін Қазақстанды басқарған Л.И.Мирзоян Сталинге хат жазып, жазықсыз атылғандар санын қолдан мейлінше арттыруға тырысты. 118 мың адам жазықсыз тұтқындалып, оның 25 мыңы атылды. Қазақ зиялыларының әйелдері де бұл жазадан тыс қалмады. Күйеуінен бас тартпаған әйелдер қамалды. Бұл лагерь «Алжир» деген атпен тарих беттерінде қалды.

Мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған соңғы деректер бойынша, сталиндік қуғын-сүргіннің құрбандарының саны КСРО бойынша 40 миллионға жеткені айтылады. Тәуелсіздік алғаннан кейін 1993 жылы сәуірдің 14-інде «Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. 1997 жылы ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығы бойынша, 31 мамыр – саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні болып жарияланды.

Тәуелсіздік жылдары 146,5 мың күнәсіз жазғырылған отандасымыздың аттары жазылған 14 «Аза кітабы» жарыққа шықты. Заңнамаға сәйкес, 340 мыңнан астам жазықсыз қуғын-сүргінге ұшыраған азаматтар ақталды.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың 2020 жылғы 24 қарашадағы Жарлығымен Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия құрылды. Оған бірнеше нақты міндет белгіленген. Соның ішінде саяси қуғын-сүргін құрбандарына қатысты тарихи қалпына келтіру, жазықсыз сотталған және саяси қуғын-сүргінге ұшыраған адамдарды ақтау мәселесін ғылыми тұрғыда зерделеу, жабық мұрағаттардың материалдарын алу және елдің тәуелсіздігі үшін ерлік көрсеткен саяси қуғын-сүргін құрбандарын мәңгі есте сақтау шаралары бар.

**Талғатбек ӘМИНОВ,**
**Мемлекет тарихы институтының аға ғылыми қызметкері, профессор**




# АШАРШЫЛЫҚ ХРОНИКАСЫН ЖИНАҚТАҒАН

**Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні қарсаңында Сенатта Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша жарық көрген «Ашаршылық. Голод. 1928–1934. Деректі хроника» атты жаңа еңбекті көпшілікке таныстыру рәсімі өтті.**

tolen_tleubaev@mail.ru

**Төлен ТІЛЕУБАЙ**

Үш томдық жинаққа зобалаң жылдарға қатысты тың деректер мен құжаттар енген. Олардың біразы бұған дейін еш жерде жарияланбаған және Қазақстан ғылымында бұрын-соңды айтылмаған. Ал кітаптағы кейбір анықтама, бұйрық, қарар сияқты құжаттар көпке дейін аса құпия мәлімет ретінде сақталып келген. Сондықтан ашаршылық жылдарының аса маңызды хронологиясын дайындап шыққан ғалымдар мен тарихшыларымыздың еңбектерін ерекше атап өткен жөн. Таныстыру рәсіміне осы тақырыпты кеңінен зерттеп жүрген белгілі ғалымдар мен тарихшылар, редакциялық алқаның мүшелері, кітапты құрастырушылар, Парламент депутаттары, саясаттанушылар, өлкетанушылар және жоғары оқу орындарының докторанттары қатысты.

Рәсімді ашып, сөйлеген сөзінде Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаев Тәуелсіздіктің 30 жылдығы аясында осындай іс-шаралардың маңызы зор екенін айтты. «Тәуелсіздігімізді ұлықтау сәтінде тойға емес, ойға басымдық беру, өткенімізден өнеге алу – біздер үшін зор міндет. Мемлекет басшысы 30 жылдықты атап өтуге арналған алғашқы отырыста осы мәселеге баса мән берді. Президентіміз айтқандай, егемендіктің бүгінгі белесі елдің жаңа келбеті мен ұлттың жаңа болмысын қалыптастыруға қызмет етуі керек. Бұл ретте, тарихи сананы жаңғыртатын және бостандықтың қадір-қасиетін арттыратын іс-шаралар аса маңызды» деді Мәулен Әшімбаев.

Сондай-ақ палата спикері кітапты дайындау барысында Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Сенат осы тақырыпқа қатысты тарихи құжаттарды жан-жақты зерттеу және талдау жұмыстарын ұйымдастырғанын атап өтті. Сол кездегі нақты деректер мен архив материалдарын жариялау ақтаңдақ жылдардың себеп-салдарын кеңірек зерттеуге мол мүмкіндік беретіні сөзсіз. «Ашаршылықтың зардабы ұлтымыз үшін өте ауыр болды. Тіпті осы алапат қасіреттің салдарынан халықтың жартысына жуығынан айырылып қалдық.

Мәулен Әшімбаев Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша қазіргі таңда елімізде бұл бағытта ауқымды жұмыстар іске асырыла бастағанына назар аударды. Солардың бірі – биыл ақпан айында Сенаттың ұйымдастыруымен осы тақырыпта өткен дөңгелек үстел. Сол жиында ғалымдар мен тарихшылар архив материалдарының қолжетімсіз екенін, әлі де болса ақпараттардың аздығын айтқан еді. Сондықтан Сенат депутаттары мен ғалымдар бірлесіп дайындаған үш томды көлемді еңбекті сол дөңгелек үстелдің нақты нәтижесі десек, артық бола қоймас.

Жаңа еңбекте ашаршылыққа қатысты 1928-1934 жылдар аралығындағы тарихи құжаттар мен деректер жинақталғанын айта кеткен жөн. Олар аштықтың алғышарттары мен трагедиялық салдары туралы мәліметтерді қамтиды. Сондай-ақ Сенат төрағасы қысқа мерзімде архивтерді ақтарып, құнды дүние дайындаған авторлар мен кітапты құрастырушыларға алғысын білдірді.

Сөз соңында Сенат төрағасы жаңа еңбек университеттерге, ғылыми институттарға, орталық және өңірлік кітапханаларға жіберілетінін, сол арқылы ашаршылық туралы архив материалдары көпшілік үшін қолжетімді болатынын жеткізді.

Өз кезегінде кітаптың жауапты редакторы, белгілі ғалым, тарихшы, Мәжіліс депутаты Берік Әбдіғалиұлы бұл еңбектің осы тақырыпты зерттеп жүрген ғалымдардың жұмысын айтарлықтай жеңілдететінін атап өтті. «Біз ашаршылықтың себептері мен трагедиялық салдары туралы бұрын жарияланған және осыған дейін еш жерде жарық көрмеген материалдарды салыстыра отырып, талдау жүргіздік. Соның арқасында республикалық, өңірлік және шет елдердегі архивтерде сақталған деректердің ауқымды қорын жасақтадық. Бүгін жарық көріп отырған кітапты ашаршылық тақырыбы бойынша Қазақстанның бірыңғай және жүйелі базасын қалыптастыру жолындағы алғашқы қадам деп қабылдауға болады» деді Берік Әбдіғалиұлы.

Сонымен қатар іс-шара барысында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Орталық Азияның дәстүрлі өркениеттерін зерттеу бойынша Республикалық ғылыми орталығының директоры белгілі ғалым Талас Омарбек, Орталық мемлекеттік архивтің директоры Сәбит Шілдебай, Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры Зиябек Қабылдинов және тағы басқа қатысушылар сөз сөйледі.



## ЖАС ТАРИХШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСТІ

**Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні қарсаңында Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаева «АЛЖИР» музей-мемориалдық кешенінде жас тарихшылармен кездесті.**

«Тарихи сана – тәуелсіздіктің рухани тұғыры» деген тақырыппен өткен кездесуде жас ғалымдар саяси қуғын-сүргін және ашаршылық тарихы бойынша зерттеу нәтижелерімен таныстырды. «Тәуелсіздіктің 30 жылдығын атап өтудің тұжырымдамасы мен іс-шаралар жоспарына сәйкес, мамыр айы «Ұлттық бірлік, бейбітшілік және тұрақтылық» тақырыбымен өтіп жатыр, тұжырымдама биылғы 31 мамыр - саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне ерекше мән береді» деді Аида Балаева жүздесудегі алғысөзінде. Министр қазіргі уақытта Қазақстанда тарихымыздың жекелеген кезеңдерін жан-жақты зерттеуге мүмкіндік бар екенін атап өтті және жас тарихшыларды осы бағытта академиялық жұмыстарды атқаруға шақырды.



# «АЛЖИР» АҚИҚАТЫ

**Арғы-бергі тарихтан хабары бар, көзі қарақты жандар Нұр-Сұлтан қаласының іргесіндегі «АЛЖИР»-дің атын естігенде саяси қуғын-сүргін жылдарын еріксіз еске алады. Алғашында КарЛАГ-тың «26-нүктесі» болып аталған лагерь 1937 жылы 3 желтоқсанда Ішкі істер халық комиссарының бұйрығымен құрылған. Арада 1 ай уақыт өткен соң мұнда Отанын сатқандардың әйелдердің алғашқы легі жеткізілді.**

wynbolat94@gmail.com

**Шынболат КҮЗЕКБАЕВ**

Бір қызығы, «26-нүктенің» алғашқы тұтқындарын Ішкі істер халық комиссариатының қызметкерлері «күйеулеріңмен кезіктіреміз» деп алдап әкелген көрінеді. Осылайша сыланып-таранып жазықсыздан-жазықсыз «халық жауы» атанған ерлерін көруге асыққандардың көбі сол сәтте жердегі «тозаққа» тап болғанын сезбеген де болар.

1950 жылдардың ортасына дейін мұнда 18 мыңға жуық әйел «жазасын» өтеп шыққан екен. Олардың қатарында Тұрар Рысқұлов, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Темірбек Жүргенов, Санжар Асфендиров сынды қазақтың біртуар ұлдарының жарлары да болған.

Тұтқындар, негізінен, лагерь маңындағы Жалаңашкөлден қамыс орумен, алма бағының күтімімен айналысқан. Күніне 14-16 сағатқа дейін ауыр еңбекке жегілген олар кешкісін тігін цехында киім тіккен екен. «АЛЖИР» мұндағы жазасын өтеушілердің табандылығының арқасында аз уақыт ішінде көпсалалы табысты шаруашылық жолға қойылған лагерьлердің қатарына енді.

Жалпы тоталитарлық жүйенің озбыр саясатының ықпалымен сол заманда қазақ даласында Кеңес одағының Бас лагерьлер басқармасына қарасты 11 лагерь жұмыс істеп тұрған екен.

Осында дүниеге келгендердің өзі туу туралы куәлігіндегі «26-нүкте» деген атауды бертінге дейін өзгелерден жасырып ұстады. Тіпті жақын-жуығы, туған-туыстарына да тіс жармады. Солардың бірі болған Бақытжан Байболатқызы мен Ләтипа Есенқызының қилы тағдыры жайында ҚР Білім беру саласының құрметті қызметкері Оспан Сүлейменұлының «АЛЖИР»-де туған ару» деп аталатын мақаласы газетіміздің өткен санында (27 мамыр 2021 жыл, №61 (4185) жарық көрген болатын.



Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні қарсаңында мақала кейіпкерінің күйеуі Едіге Жүнісов, ұл-қыздары және көзін көрген азаматтар «АЛЖИР» кешенінде кездесу өткізіп, тағдырлы кейуананың рухына тағзым жасады.

«Саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандарының «АЛЖИР» мемориалды-мұражай кешенінің директоры Самат Тергембаев тұтқындармен бірге «26-нүктеде» дүниеге келген сәбилердің саны жайындағы мәліметтерді жинақталып жатқанын тілге тиек етті.

Ал Мемлекет тарихы институтының жетекші ғылыми қызметкері Сейітқали Дүйсен ерлермен қатар әйелдерді жазалаушы мұндай лагерлердің Кеңес одағымен бірге фашистік Германияда болғанын айтты.







ray77781@mail.ru
Райхан РАХМЕТОВА

# ҰЖЫМДЫҚ ИММУНИТЕТ КҮЗДЕ ҚАЛЫПТАСА МА?

**Соңғы аптада елде коронавирус инфекциясының таралуы төмендегені байқалды. Елде барлығы 378 311 адам осы дертпен ауырды, күніне 1739 адам ауру жұқтырған, өсім – 0,5%. Сандар жоғары болғанымен, маңыздысы жұқтырғандардың қалыпты деңгейде екені. Күн сайын қызыл аймақтардың саны азайып келеді. Бұл – жақсы тенденция.**



Жақында YouTube каналында бір хабарға Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой жаһандық дертке, екпеге және елдегі денсаулық сақтау саласындағы өзгерістерге қатысты ағынан жарыла сұхбат беріпті. Оның айтуынша, халықтың көп бөлігін вакцинациялау жоспарын биыл күздің басына дейін жүзеге асыру керек. Яғни, қыркүйек айында екпе салу бойынша жоғары көрсеткішке жету қажет. Бұл нәтижеге Израиль, АҚШ қазірден-ақ қол жеткізіп қойды. Олар халықтың 60%-на вакцина салдырып, ұжымдық иммунитет қалыптастырды.

– Ұжымдық иммунитет пайда болса, адамдар бір-біріне ауру жұқтырмайды. Ал бізде қазір масканы шешіп тастасақ, әлі де ауру жұқтыру қаупі жоғары. Вакцина деген не? Вирус адамнан адамға тарайды, ал вакцина салған адамнан әрі қарай вирус тарамайды. Сондықтан біз вакцина салдыруға шақырамыз. Оның үстіне бізде тегін, көптеген елдерде бұл – ақылы процедура. Вакцина туралы көп айтылады. Дегенмен, қоғам әлі де нарықтағы вакцинаға күмәнмен қарайды, әрине, күмәннің болары анық. Әрі ол – тек Қазақстанға ғана емес, барша әлемге тән құбылыс. Бірақ, күн сайын сенім артқандардың көбейгенін байқаймыз. Бүгінде әрбір оныншы қазақстандық вакцина салдырды, – дейді Алексей Цой.

Адам баласы өмір бойында 20-дан астам вакцина салдырады. Бұл вакцина да – шешек вакцинасы сияқты екпелердің бірі. Ал екпе салдырғаннан кейін қайтыс болып жатқандар туралы министр сол марқұмның көз жұмар алдындағы соңғы жасаған процедурасы екпе болған соң өлімді осы вакцинамен байланыстыратынын жеткізді. Шын мәнінде оған науқастың бойындағы бұған дейінгі аурулары себеп болады. Қазір екпеден кейін қайтыс болған 4 адамның өліміне не себеп болғанын арнайы комиссия тексеріп жатыр.

– Мысал ретінде келтіріп кетейін, коронавирус болмай жатып-ақ елімізде күніне инсульттен 5 адам, инфаркттан 7 адам қайтыс болатын. Өкінішке қарай, күнде өлім-жітім болып жатыр. Әрине, олардың өлімі вакцинамен байланысты болса, онда тоқтатып қарастырамыз. Бірақ, әзірге ешқандай байланыс анықталмағандықтан, екпе салуды жалғастырып жатырмыз. Вакцина салдырған 2 млн адамның ішінен 820 адам коронавирус жұқтырғанымен, олар жеңіл түрде ауырды. Бұл – 0,03 пайызы ғана және минималды көрсеткіш, – деп түсіндірді министр.

Вашингтон Университеті жариялаған зерттеулерге сәйкес Қазақстан – Covid-19-дан қайтыс болғандар саны бойынша әлемде 20-орында. Институт мәліметтеріне сүйенсек, елімізде коронавирустың салдарынан 81 696 адам қайтыс болған. Зерттеу авторлары көптеген елдер қайтыс болғандардың санын әдейі төмендетеді дейді. Қазақстан да сол санатта екен. Түрлі баға беретін институттар жетеді. Министрдің айтуынша, бұл – математикалық модель. Олар елдегі нақты сандарға негізделмеген, тек болжам ғана.

– Қазақстанда бұл індетке дейінгі уақытпен салыстырғанда қайтыс болған адам саны 29 мыңға көбейді. Былтыр вирусқа байланысты көптеген басқа ауруларды емдеу жайына қалды. Уақытылы емделмегендіктен, олар өлімге алып барады. Соның өзінде бұл айырмашылық тым үлкен, сәйкес келмейді. 29 мың 80 мыңға жетпейді. Өлім актісі арқылы тіркелген ресми статистика бар, бізде қайтыс болған азаматтардың туыстарына жәрдемақы төлейді. Сол себепті бұған мән бермеген жөн, – дейді ол.

Covid-19-ға байланысты ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің бюджеті 2020 жылы 1 трлн 662 млн 991 мың теңге болса, биыл 1 трлн 862 млн 672 мың теңгені құрады. Бұл 200 млрд-қа артық. Министрдің айтуынша, аталған қаржы коронавируспен ауыратындарды емдеуге және тікелей қауіпті аймақтарда жұмыс жасап жатқан дәрігерлердің жалақысына жұмсалған.

Қазақстандық QazVac вакцинасы – мұсылман елінде шыққан алғашқы вакцина. Жақында Біріккен Араб Әмірлігінің министрі қызығушылық танытып, Катар, тағы да 10-ға жуық мұсылман елдері сұрап отырған көрінеді. Қазақстан өз екпесіне авторлық құқық алып, отандық вакцинаны шет елдерге тасымалдау мәселелерін қарастырып жатыр. Осылайша еліміздегі ғалымдардың деңгейін әлемге көрсету мүмкіндігі туған. Отандық вакцинаны шығарған институт кеңес үкіметі кезінен бері 60 жылдан астам уақыт зерттеу жүргізіп жатыр. Сондықтан министрдің өзі азаматтық позициясынан танбай, отандық екпені бірінші болып алғанын айтты.

– Неге QazVac екпесін көбейтіп, ресейлік Sputnik V вакцинасынан бас тартпайды деген сұрақ жиі қойылады. Себебі QazVac өндірісі арнайы шарттарды қажет етеді, сондықтан айына тек 50 мың доза алынады. Ал оны күтетін уақыт жоқ. Сол себепті әзірге біз Sputnik V екпесін вакцинациялау науқанынан алып тастай алмаймыз. Масканы тастап, қалыпты өмірге оралу үшін барлық елдер бірнеше вакцинамен қамтамасыз етіліп, халқын вакцинациялап отыр. Бағасына келсек, Sputnik V – 26 доллар, отандық QazVac 9,4 доллар тұрады. Вакциналардың 2 млн дозасын 26 доллардан алдық, одан бөлек, алдағы уақытта 3 млн дозасын 21,9 доллардан алатын боламыз, – деді министр.

«Атамекен» ҰКП бастамасымен жасалған Ashyq қосымшасы әлі толық сынақтан өтпегендіктен қателіктер кетуде, бірақ бизнес тоқтап қалмауы үшін септігін тигізіп отырған бастаманы қолдау керек. Қазір бұл әлеуметтік жоба арқылы бәрі айнадай анық белгілі болып жатыр. Бұл – қауіпсіздік үшін аса қажет қосымша. Вакцина салдырғандар Ashyq-та 1 шілдеден бастап жасыл статусқа ие болады.

> **Covid-19-ға** байланысты ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің бюджеті **2020** жылы **1 трлн 662 млн 991 мың теңге** болса, биыл **1 трлн 862 млн 672 мың теңгені** құрады. Бұл **200 млрд-қа** артық. Министрдің айтуынша, аталған қаржы коронавируспен ауыратындарды емдеуге және тікелей қауіпті аймақтарда жұмыс жасап жатқан дәрігерлердің жалақысына жұмсалған.

## ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙДЫҢ ЖАҢҒЫРЫҒЫ

### РЕЙХСТАГҚА ТҰҢҒЫШ БОЛЫП ТУ ТІККЕН

**Зиябек ҚАБЫЛДИНОВ**
**№52-53(4177), 06/05/2021**

**Nurlan KABYLOV:**

*– Ресей телеарналары осы жаңалық туралы аузын ашқан жоқ, осының өзі – қызғаныштың көрінісі.*

**Ерболат РАХМБАЙҰЛЫ:**

*– Батыр бабамыздың жаны жәннатта болсын! Қанша жасырса да шындық өлмейді, бір күні еріксіз мойындауға тура келеді. Тарихтың тезі осындай!*

**Айзада МАМАЕВНА:**

*– Тарихты жазу – сізderден, оны оқып бойымызға сіңіріп, мақтан тұтып, қуат алу – бізден.*




### ҚАУІП ҚОҢЫРАУЫ СОҒЫЛМАСЫН

**Көктем ҚАРҚЫН**
**№42(4166), 16/04/2021**

**Гүлнар МЫРЗАШЕВА:**

*– Айтылған мәселелерді ешкім тыңдағысы келмейтін сияқты. Әркім өлместің күнін кешуде. Интернет мүлде жоқтың қасы. Көз алдаушылықпен бірдеңе қосылған болды, бірақ ешқандай байланыс жоқ. Мектеп, балабақшаларға видеокамера әкеліп қойды. Ол не үшін? Оны кім қарап отырады? Интернет болмаса. Свет өшіп қалса, оның барлық жазбасы өшіп қалады. Сонда кімді- кім алдап отыр? Интернет жоқ жерге камераның қажеті не? Бәрі – көзалдаушылық.*




### ОТАНДЫҚ ЕКПЕ – ОТАНЫМЫЗДЫҢ ЖЕТІСТІГІ

**Райхан РАХМЕТОВА**
**№57(4181), 18 / 05/ 2021**

**Дәулеткали АСАУОВ:**

*– Тамаша сұхбат!*

**Уайс ЕРСАЙЫНҰЛЫ:**

*– Өте пайдалы ақпарат болды. Рахмет!*

**Дархан ТҰРСЫНБАЕВ:**

*– Өте пайдалы, уақытында берілген маманның сұхбаты.*

**Aliya ZHUMTOVA:**

*Өте керемет ақпарат берілді. Үлкен рахмет!*

**Аралбай КҮЛДЕЕВ:**

*– Жарайсың, Райхан! Елге қажетті мағлұмат! Өркенің өссін!*




**Айсұлу ҚОЖАБЕКОВА:**

*– Профессор мырза, вакцина салдырайын ба, салдырмайын ба деген адамдарға вакцинаның қолданылуы туралы мағлұматты дер кезінде хабардар еткен екенсіз. Бастабында адамдар ковидтің қатерлі вирус екеніне сенген жоқ қой.*

**Асылбек АЙТЖАНОВ:**

*– Пандемия болатынын ерте танып біліп, болжам жасап ақпарат құралдарында ең алғашқы болып жариялаған өзіңізсіз. Жалпы халық үшін алаңдаушылық танытып, бейқам болмауға шақырғансыз! Әрине, ел сене қоймады, еркін жүріп-тұрған болатын. Нәтижесінде індет өршіп кеткен еді. Бүгінгі жазбаңызда танымдық мақала, ел кәдесіне жарары сөзсіз. Өзі білгенімен өзгелермен бөлісу – нағыз азаматтық борыш. Рахмет айтамыз!!!*




### 17 ЖАСЫНДА МИЛЛИОН ТАПҚАН

**Көктем ҚАРҚЫН**
**№48 (4147), 27 /04/ 2021**

**Сайраш ӘБІШҚЫЗЫ:**

*– Жаңалық ретінде жазуды ойлап жүргеніме 4-5 күндей болды. Міне, бүгін жазып отырмын. «Астана ақшамы» газетінен «17 жасында миллион тапқан» тақырыбымен шыққан Көктем Қарқынның мақаласын «иісі қазақтың, бірінші кезекте ата-аналардың, барлығының оқуына ұсынамын. Жас ұрпақтың бірінші жанашыры, ата-аналар, оқыңыздар! Өмірлік, тәрбиелік маңызы зор өте керек мақала.*

## БАҚЫТТЫ ОТБАСЫЛАР БАЙҚАУЫ

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

«Бүкіл әлемді жайлаған пандемия кезеңінің алғашқы кездері бәрімізге ауыр болғаны рас. Біз сол қиын-қыстау кезде ата-аналармен жұмыс жүргізіп, онлайн түрде семинарлар өткізіп тұрдық. Былтырдан бері түрлі отбасылармен жұмыс істеп, қашықтан байланыс жасау арқылы осы сайысты қолға алған болатынбыз. Ол кезде 17 отбасы қатысты. Бұл бастамамыз өте жақсы қолдау тауып, биыл сайысқа 90 отбасы қатысуда. Сол 90 отбасының ішінен оза шапқанын анықтап, барлық критерий бойынша сараптаған кезде 32 үздік бейнероликті таңдап алдық. Олардың ішіндегі 10 отбасын бүгінгі марапаттау рәсіміне шақырдық. Отан – отбасынан басталады. Биыл – Тәуелсіздігімізге 30 жыл. Мемлекетіміз мықты болып, өркендеп дамуына әрбір отбасының үлесі бар деп ойлаймын. Себебі отбасы – шағын мемлекет. Әрбір отбасы бақытты болуға лайықты» деді осы байқаудың негізгі ұйымдастырушысы болған «Астана дарыны» дарындылықты дамыту және психологиялық сүйемелдеу орталығы директорының орынбасары Гүлбақыт Буралкиева.

Қатысушылар берілген уақыт ішінде отбасылық құндылықтар мен дәстүрлерді, отбасы ынтымақтастығын, мәдениетті қарым-қатынасты көрсете білген. Қазылар алқасы қатысушылардың бейнероликтерін бағалау критерийлері арқылы іріктеп, конкурстың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін «Дәстүр ұйытқысы отбасы», «Әншілер отбасы», «Еңбекқор отбасы», «Спортшы отбасы», «Өнерлі отбасы», «Креативті отбасы», «Мерейлі отбасы» секілді түрлі номинациялар бойынша анықтады.

«Біз бақытты отбасымыз» қалалық бейнероликтер байқауының бас жүлдесіне Әміржановтар отбасы ие болды.

«Біз көпбалалы отбасымыз. Сонымен қатар ата-ананың қарауынсыз қалған балаларға да көмегімізді беріп тұрамыз. Оларды спортқа баулып, еңбекқорлыққа үйрету арқылы көп жұмыс істейміз. Өзіміздің туған төрт баламыз болғанына қарамастан, өзге де балаларды қанатымызға алып, өз балаларымыздай көріп, мейірімділік танытамыз. Әр баланың өзіндік арманы болады. Сол армандардың орындалуына себепкер болып, сенімділік қалыптастыруға тырысамыз» деді Аида Әміржанова.

## САЛҒЫРТТЫҚҚА ЖОЛ БЕРМЕЙІК

**Нұр-Сұлтан қаласында «Қауіпсіздік балалар көзімен» шарасы өтті. Төтенше жағдайлар қызметінің мамандары саябақтарда жалғыз серуендеген балғындарға ерекше үлгідегі үнпарақтар таратып, ата-аналарға салғырттыққа жол бермей, қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауды ескертті.**

– 24 мамырда басталған шарамыз 1 маусымға дейін жалғасын табады. Акция барысында қызметкерлер тұрғындармен кездесіп, төтенше жағдайлардың алдын алуға бағытталған қауіпсіздік ережелерін түсіндірдік. Балалардың көшеде жалғыз жүрмеуін қадағалауымыз керек. Апаттық жағдайларды болдырмас үшін біз осындай түсіндіру жұмыстарын жиі өткізіп тұрамыз, – деді қалалық ТЖД өрт бақылау бөлімі бастығының орынбасары Ажар Рүстемова.

## ДҮЙСЕНБІ
## 31 МАМЫР

**QAZAQSTAN**

САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ
6:00 Әнұран
6:05 «Қазақ даласының құпиялары». Д/Ф.
6:30 «Másele».
7:00 «TAŃSHOLPAN».
10:00 «Асау толқын». Телехикая.
12:00 31 маусым - саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне арналады. «Қармен жуылған қан». Көркем фильм.
14:00 «ТЕЛЕДӘРІГЕР». Тікелей эфир.
15:00 «Арта». Сараптамалық бағдарлама.
15:45 31 маусым - саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне арналады. «Тар заман». К/Ф
17:10 AQPARAT
17:20 «Қызық екен...»
18:00 «АСАУ ТОЛҚЫН». Телехикая.
20:00 AQPARAT
20:35 31 маусым - саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне арналады. «АШАРШЫЛЫҚ АҚИҚАТЫ». Арнайы жоба
21:20 «ЗАМАНДАСТАР». Телехикая.
22:20 ТҰСАУКЕСЕР! «ЖАТ МЕКЕН». Телехикая.
23:50 «АХМЕТ ЯСАУИ». Телехикая.
1:05 AQPARAT
1:40 31 маусым - саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне арналады. «Ашаршылық ақиқаты». Арнайы жоба
2:20 «Теледәрігер».

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні
6:00 "Қазағым-ай" дәстүрлі ән кеші
7:00 Тұсаукесер! Тікелей эфирде "Таңғы хабар"
10:00 "Әсем әуен". Патриоттық әндер топтамасы
10:15 Тұсаукесер! "Қолда я жолда"
12:15 Телехикая. "Бәсеке 2"
13:15 Телехикая. "Келінжан"
15:00 "Бүгін". Тікелей эфир
16:00 Тұсаукесер! "Асыл қазына"
17:00 Телесериал. "Метод Фрейда"
18:00 Мегахит. "Мальчики-налетчики"
20:00 Қорытынды жаңалықтар
20:30 "Баспанаға бағыт".
21:00 Итоги дня
21:30 Тұсаукесер! "Қолда я жолда"
23:30 "Тарих. Тағдыр. Тұлға". Шәкәрім Құдайбердиев
0:30 "Бабаларым, рахмет сендерге" атты концерт-спектаклі

**ASTANA TV**

6:00 "Ән мен әзіл" концерттік бағдарламасы
6:30 "Күлдірген" әзіл-сықақ бағдарламасы
7:00 "Ұрланған тағдыр" түрік телехикаясы
8:00 М/ф "Маша и медведь"
10:00 "Тұмарым" үнді телехикаясы
11:30 "Қызым" түрік телехикаясы
12:30 "Қайсар ханша" корей телехикаясы
14:00 "Айтарым бар" ток-шоуы. Тікелей эфир
15:00 М/ф "Гризли и лемминги"
15:30 "Интерны" т/сериал
16:10 "Үздік әзілдер"
16:30 "Құйынды мекен" корей телехикаясы
18:00 "Мәриям" түрік телехикаясы
20:00 ASTANA TIMES
21:00 "Қызым" түрік телехикаясы
22:00 "Тұмарым" үнді телехикаясы
23:10 "Қайсар ханша" корей телехикаясы
0:20 "Қош келдіңіз"
1:10 ASTANA TIMES
2:00 "Біреудің есебінен" деректі драма
2:45 "KazNet" ғаламторға шолу
3:05 "Үздік әзілдер"
3:50 "Интерны" т/сериал
4:35 "Біздің ауыл"
5:05 "Отбасы"
5:30 "Бірегей"

6:00 «ТРАКТОРШЫНЫҢ МАХАББАТЫ» телехикаясы
6:40 «ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы
7:10 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
8:00 Телеканал «ДОБРОЕ УТРО» (каз/рус)
11:00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО!»
12:00 «НА САМОМ ДЕЛЕ»
13:00 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ»
14:15 «112». Тікелей эфир
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы. Тікелей эфир
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 Многосерийный фильм «НИЧТО НЕ СЛУЧАЕТСЯ ДВАЖДЫ»
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:30 «МЕЧ 2». Заключительные серии
0:30 Ночной кинотеатр. «МЕДСЕСТРА»
1:35 «П@УТИНА» бағдарламасы
2:25 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
2:55 «ТРАКТОРШЫНЫҢ МАХАББАТЫ» телехикаясы
3:40 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы

**КТК**

07.05 "ДАУ-ДАМАЙСЫЗ" (қайталау)
07.30 "УЛЫ ТАМШЫЛАР", телехикая.
09.20 "ЯСМИННІҢ ТАҒДЫРЫ", телехикая.
10.40 "ДЕВОЧКИ МОИ", мелодрама (повтор)
14.10 "ОЛЮШКА", мелодрама (повтор)
16.00 "ВПЕРЕДИ ДЕНЬ", мелодрама
18.00 "АМАНАТ". Өзбек телехикаясы. Тұсаукесер!
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ", ток-шоу. Жаңа маусым!
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.40 "СИДЕЛКА", мелодрама.
23.45 "ПЁС-4", остросюжетный детектив.
01.45 "ВПЕРЕДИ ДЕНЬ", мелодрама (повтор)
02.30 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ", ток-шоу (қайталау)
03.15 "ӘЙЕЛ ҚЫРЫҚ ШЫРАҚТЫ"
04.00-04.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)

**31**

06:00 Ризамын(каз)
06:20 «Неге?» (каз) (повтор)
07:50 «Армагеддон» (каз)
08:50«Экстрасенсы детективы»
10:00 «Келіндер бәйгесі» (каз)
11:00 Индийский сериал «Ананди» (каз)
12:30 Корейский сериал «Пиноккио» (каз) (повтор)
14:10 Анимационный фильм «Артур и минипуты» (повтор)
16:30 «Такси»
17:00 «Экстрасенсы детективы»
18:00 «Кел татуласайық» (каз)
20:00 Информбюро (каз/рус)
21:00 Корейский сериал «Пиноккио»
22:20 КИНО. Дэниэл Крэйг в детективном фильме «Достать ножи» (повтор)
01:10 Индийский сериал «Ананди» (повтор) (каз)
02:10 «Кел татуласайық» (каз) (повтор)
03:40 1001 анекдот (каз)
05:00 Әзіл студио (каз)

**7**

06.00 Т/п «Қуырдақ»
07.00 Т/п «Айна-online»
07.30 Т/х «Зың-зың Күлпәш»
08.30 Т/п «Құтты қонақ»
09.00 Х/с «Перчатка Авроры»
13.00 Т/х «Бастық боламын»
14.00 Скетчком «Q-елі»
15.00 Т/х «Мезгілсіз сезім» Премьера!
16.00 Т/с «Крепостная»
17.00 Т/с «Домик на счастье»
18.00 Т/с «Осколки»
19.00 Т/с «Цена жизни»
21.00 Т/х «Әкесінің баласы»
22.00 Т/х «Серт пен сезім» Премьера!
00.00 Т/с «Осколки»
01.10 Т/с «Крепостная»
02.15 Т/х «Бастық боламын»
03.15 Т/х «Мезгілсіз сезім»
